

ТАЛАС-ТАРТЫС

Өткен аптада Астананың қақ ортасында 10 отбасының мектепте тұрып жатқаны туралы ақпарат жарық көрді. Біз жартысы – мектеп, жартысы баспана болған ғимаратқа барып, мектеп басшысымен және сондағы тұрғындармен сөйлесіп қайттық.

ЖАРТЫСЫ - ЖАТАҚХАНА.

Қалалық №34 мектептегі жағдай 2001 жылдан бері шешімін таппай отыр. «Қырық кісі — бір жак, қыңыр кісі — бір жак» болып, директор мен жатақхана тұрғындары соттасып әлек. Білім ордасы Сарыарқа ауданында орналасқан. Кезінде кәсіптік-техникалық лицей болған қос қабатты ғимараттың бір бөлігі ұстаздарға қызмет баспанасы ретінде берілген. Әр бөлмені бір-бір ұстаздың атына рәсімдеген. Алайда 2000-жылдардың басында кәсіптік лицей басқа ғимаратқа көшіп, бұрынғы нысанға мектеп қоныстанады. Мамыражай күн кешіп жатқан ұстаздардың жағдайы сол күннен бастап қиындады.

№34 мектептің басшылығы тұрғындар мекендеген дәліздің есігін бітеп, кіре берісті гараждан шығарып берген. Ол аздай, су, жылу, көріз жүйесінен де біржола ажыратып тастады. Ғимаратқа жөндеу жасаған кезде де, қызметтік бөлмелердің тұсын сол күйі — сыртқыдағы қара сылағымен қалдырып кеткен. Қаланың қақ ортасында «өркеніетген» жүрді калған тұрғындар суды сырттан тасып, айналадан дәретхана қазып алыпты.

Ғизат Шәріпова есімді тұрғын жатақханаға 1997 жылы көшіп келген. Отағасы кәсіптік мектепте жұмыс істепті. Осы даумен жүргенде жұбайы өмірден өтіп, аядай бөлмеде Ғизат апай екі баламен қалған. Асыраушысынан айырылып, пәтер кезегіне тіркелген ол №34 мектептің басшылығымен екі рет соттасады. Екеуінде де тұрғындардың пайдасына шешіліпті. Сот «бөлме иелері көшірілетін болса, білім ордасы оларды баспанамен қамтуға тиіс» деген шешім шығарған.

Ал мектеп директоры Дидар Рахымберлина «Білім беру ұйымының жатақхана тұрғындарына баспана

есімді келіншек «40 градус аязда да жылусыз отырған күніміз болды. Жарық жоқ, балаларымыз Астананың ортасында шамның жарығымен сабаққа дайындалды» деп қынжылады. Қазір жылу мен жарық берілген. Бірақ бөлмелер тұрғындардың атына рәсімделгенімен, коммуналдық шығынын мектепке төлейді. Қалай есептеліп жатыр, ол жағы беймәлім.

Мектеп пен тұрғындарға ортақ ғимараттың жыры жергілікті билікке жақсы таныс. Талай жылдан бері «қамданып жатырмыз» деген желеумен жұбатып келеді. Осы мәселе бойынша Астана қалалық білім басқармасы басшысының орынбасары Дулат Жекебаевқа хабарластық. Ол «Жатақхана

түйіп жүр.

Оқушылардың қауіпсіздігіне алаңдаймыз

ЖАРТЫСЫ - МЕКТЕП

әперетін мүмкіндігі жоқ. Оны қала әкімдігі шешеді» деп азар да безер. Оның да айтар уәжі көп. Үстінен неше түрлі арыз-шағым түскен. Тіпті қызметтік бөлме иелері коммуналдық шығынын төлемей, мектепті қарызға белшесен батырыпты. Мектеп басшысы:

— Тұрғындар мектеп балансындағы бөлмелерде отыр. Бұл кісілер жекешелендіріп алған жоқ. Тиісті құжатымыз бар. Бұл мәселе қалалық мәслихатта да қаралып жатыр. Осы дау-дамай үшін жуырда депутаттар алдына тағы барамын», — делі.

Алайда жатақхананы паналаған тұрғындар біраз жыл жылусыз отырғанын алға тартады. Аягөз Ескендірова

тұрғындарына пәтер алып беру білім басқармасының құзыретіне жатпайды. Біз оқушылардың қауіпсіздігіне алаңдаймыз. Бар үміт енді қалалық мәслихаттың жұмысына байланысты» деп тағы бір мәселенің шетін шығарды.

50 жыл бұрын салынған ғимаратта қазір 100-ге жуық бала оқиды. Жатақхананың үстіне бастауыш сыныптар орналасқан. Мектеп басшылығы да, тұрғындар да осыған алаң. Өйткені қызметтік бөлмеде тұрып жатқандар ас пісіру үшін газ баллонын қолданады екен. Алда-жалда газ пешінен ақау шықса, жазатайым жағдай бола ма деп жанын шүберекке

деген білім басқармасы басшысының орынбасары сөз арасында «Мектеп ғимаратында білім саласына қатысы жоқ мекеме, пәтер, жатақхана сияқты нысан болмау керек» дегенді айтып қалды. Бірақ жатақхана тұрғындарының білім саласына қатысы бар ғой. Кезінде кәсіптік-техникалық лицейде еңбек еткендер мен солардың отбасылары өмір сүріп жатыр. Сондықтан арнаулы орта оқу орындары да білім басқармасына өгей емес. Ал 17 жылдан бері сот пен мектеп басшылығының арасында шырылдап жүрген 10 отбасының уәжі мынау: «Жағдайы жоқ мекенді еріккеннен паналап отырған жоқпыз, барар жеріміз жоқ. Егер баспана мәселесі шешілсе, бір күнде қалмас едік».

Олардың ендігі үміті — қала әкімдігінде.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана
Суретті түсірген автор

БІЗДЕГІ ЖАҒДАЙ
ҚАЛАЙ?

АЛАТАУДАН
БҰҒАЗҒА
ДЕЙІН...

ЖАҒРАФИЯ
ПӘНІ ҚАҒАЖУ
КӨРМЕСІН!

«АЛДАЙМЫЗ
ДЕП
АЛДАНДЫҚ»



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
68,67



DOLLAR
319,33



EURO
395,71

АЛТЫН (ун.)
1324



ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫМЕН

1931 жылы «Стандарт Стейшенз Инк.» құрылғанда компанияның эмблемасы етіп көбіне әскери киімде кездесетін шевронды бекітеді. Көк және қызыл түске боялған белгіні ары-бері жүйткіген көліктегі жүргізушілердің назарын аудару үшін таңдаған деседі.

(Жалғасы 4-бетте)

САЙҚЫМАЗАҚҚА СЫЙЫНАТЫНДАР ТҰЛҒАҒА ТҮКІРЕДІ

Қазақ өзінің болмысынан, мінез-құлқынан айырылып қалды. Біз қазір қомағай қоғам, өнегесіз өркениетпіз. Көпіріп сөйлейтіндерді шешен етіп қойдық. Бүгінде бәрі ұлтының жанын ұқпай жатып ұлы адам болғысы келеді. Мысалы, елде болған жақсылыққа бәріміз қуанамыз, ал жамандығына бейжай қараймыз. Көрмейін десең көзің, айтпайын десең аузың бар.

(Толығырақ 3-бетте)

Тегін екен деп «теріп» алыпты

Алматы қаласы
Дереккөзі: 365info.kz

ҮКІМЕТ

Тасқынға әлі күнге дейін тосқын қоя алмай отырғанымыз қалай? Жыл сайын төтенше жағдайға тап болатын Шығыс Қазақстан облысында жағдай әлі мәз емес. Оны өңір басшысы Даниал Ахметовтың өзі осы аптадағы үкімет отырысында жайып салды. Биыл аймақта қар аз түскенімен, наурызда жаңбыр екі есе артық жауған. Соның кесірінен 500-ге жуық үйді су басып, баспанасынан айырылғандар дала кезіп кетті.

Үш ауданда әлі төтенше жағдай режимі сақталуда. Осы тұста төтенше жағдайға дайындықтың төмен екені тағы көрініп қалды. Құтқару құралдары жетіспейді. Өңірдегі өзекті мәселені көтерген аймақ басшысы Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевқа бар шындықты айтты. Аталған өңір басшысының сөзіне сенсек, облыс көлемінде 69 қайық болуы тиіс. Ал

болып жатқанын білмейсіздер. Соңынан келіп осындай жағдайға душар боламыз. Техника жок, комбинезон жок. Су соратын мотор да жок!», — деп шүйлікті.



мәселе әлеуметтік желіде қызу талқыланып жатыр. Блогерлер өзінің бастамасымен сауда орталықтарына барып, есіктердің ашық-жабық екенін тексеріп жүр. Сол себептен ішкі

ҚАҒАЗҒА ҚАРАҒАН КҮН

қолда бары — 14. Жол талғамайтын 55 көлік болуы керек. Бірақ облыста оның біреуі де жок. Тізе берсең, кете береді. Осыны айта келе, облыс әкімі үкімет басшысына өтініш жасады. Д.Ахметов «Жігіттер судың басында жүр. Оларға гидрокомбинезон қажет. Жоспар бойынша 1 мың болуы керек. Ал бүкіл өңірде 86 ғана. Біз жылдың басында 300 млн теңге бөлдiк. Қазір тағы 200 млн бөліп отырмыз. Бірақ, Бөке, осы мәселені бірге шешуге мүмкіндік табу керек» деп шегелеп сөйледі. Құралдардың жетіспеушілігіне катысты пікірге тұшымды жауап бере алмай, қатты сасқан ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Жанат Сүлейменовтің әрекеті үкімет басшысының ызасын тудырды. Б.Сағынтаев «Баяндаманызға жазып берген жок кой, иә?! Сонда сіздер қалай басқарасыздар? Баяндамаға жазып бергенді оқып бересіз. Онда жазылмаса, жағдайдың не

Қазір ел аумағының тең жартысын қар басып жатыр. Демек су басу қаупі әлі алда. Мәселен, Сырдария өзені арнасынан тасуы мүмкін. Өткен аптада Қарағанды облысында 12 үй мен 4 бірдей тас жол қызыл су астында қалды. Қауіп әлі сейілген жок. Ынтылы-Бесоба, Талды-Ақбай-Қызылбай жолдары осы күнге дейін жабық. Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарында да ыңғал мөлшері 30 пайызға артқан. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінен қашып, қашанда аптығып жүретін Калмұханбет Қасымов басқаратын министрлікте шикілік көп болып шықты. Өткен жылдардағы су тасқынынан сабақ алмаған. Еш қамсыз отыр.

Сондай-ақ алқалы жиында үкімет басшысы қоғамдық орындардың қауіпсіздігін бақылап, тексеру жүргізу мәселесін көтерді. Ресейдегі жантүршігерлік жағдайдан сабақ алуымыз керек екенін айтты. Б.Сағынтаев «Қазір бұл

істер министрлігі мен өртке қарсы қызмет әкімдіктермен бірлесіп, сауда орталықтарында тексеріс жүргізіп, тиісті шараны қолға алуы қажет» деп ішкі істер министрлігіне тапсырма берді.

Блогерлер демекші, соңғы күндері Алматы мен Астана қаласындағы бірқатар сауда үйлерін тексеріп шыққан қоғам белсенділері жағасын ұстап отыр. Үкімет басшысы тапсырма бергенімен, тағы бір қолбайлау мәселе бар. Сауда орталықтарын тексеру үшін бір ай бұрын ескерту жасалуы керек. Заң солай. Сондықтан тиісті сала мамандары шағын және орта кәсіпкерлік нысандарына баса-көктеп кіре алмайды.

Ішкі істер министрлігіне қарасты төтенше жағдайлар комитетінің төрағасы Владимир Беккердің мәліметінше, елімізде шамамен 1151 сауда орталығы бар. Солардың бәрі биыл жаппай тексеріледі. Кемероводағы оқиғадан соң нысандардағы эвакуация жолы, өртті анықтау жүйесі мен қауіпсіздік талабы түгелдей ескеріледі. Егер заңбұзушылық болса, 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

1

млн теңге. Былтыр кибершабуылдан отандастарымыз осынша шығынға батқан

75

млн доллар. Қырғызстан «БТА банктен» алған қарызын қайтармайтын болды

3

мың теңге. Павлодардағы колледждер диплом көшірмесін осындай бағаға сатқан

Тәртіп

Оралда екі елдің азаматтығын иеленген әйел ірі көлемде айыппұл төлейді. Батыс Қазақстан облыстық сотының баспасөз қызметінен түскен мәліметке қарағанда, аталған әйел Ресей елінің азаматтығын алғаны жөнінде хабарламаған. Ол еліміздің азаматтығынан 2015 жылы айырылған. Содан бері жүре беріпті.

Әйел өз кінәсін мойындай отырып, азаматтық туралы заңнаманы толық білмейтінін алға тартты. «ҚазАқпарат» хабарлағандай, енді ол Орал қаласы мамандандырылған әкімшілік сотының

7 сөз

Елімізде лаңкестікпен күреске 270 миллиард теңге бөлінеді

Көші-қон

КӨШТІҢ БАСЫН КЕРІ БҰРДЫ



Солтүстік өңір керемет еді. Ауа райы ма, жақпаған?

Токтар Серіков айтатын «Көршінің қызы» әнін осылай өзгертуге тура кеп тұр. Неге? Өткен жылы солтүстікке қоныс аударған 19 отандасымыз ауа райы жақпай, көштің басын оңтүстікке қайта бұрыпты. Жуырда ғана жұмысын бастаған еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова олардың кері көшкен себебін былай түсіндіреді. 19 азаматқа ауа райы жақпапты. Содан денсаулығы

нашарлап, жылы жакка оралып жатыр. Бір қызығы, қайта қоныс аударғандар мемлекеттен алынған қаржыны қазынаға қайтармайды екен.

Министрлікке жүгінесек, қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан облысына ауыл шаруашылығы саласына қажетті 10 мың жұмысшы жетіспейтін көрінеді. Сол себепті аталған министрлік биыл 4,5 мың отбасы солтүстікке қоныс аударалы деп жоспарлап отыр. Оңтүстіктің жұмсақ райына үйренген азаматтарға солтүстіктің қатал табиғаты қиын соқпаса екен деп тілейік!

ҚОС АЗАМАТТЫҚТЫҢ ЖАЗАСЫ АУЫР



қаулысына сәйкес, 336 700 теңге айыппұл төлейді. Айта кетейік, ҚР «Азаматтық туралы» Заңының талаптары бойынша, өзге елдің азаматтығын алған адам отыз күн ішінде бұл жөнінде тиісті мекемеге хабарлап, Қазақстан Республикасы азаматтығын төлқұжатын (жеке куәлігін) тапсыруға міндетті.

Әлеумет.т⁰



Көрші Ресейде қайғылы жағдай орын алды. Ресейдің Кемер қаласындағы сауда ойын-сауық орталығы өртке оранып, қазіргі мәлімет бойынша жетпіске жуық адам қаза тапты. Басым бөлігі — аузынан ана сүті кетпеген бұлдіршіндер мен жасөспірімдер.

Алдын ала болжам бойынша, қайғылы жағдайдың бірнеше себебі бар. Өртке қарсы құрылғылары дұрыс болмаған. Қызметкерлер өз ісіне жауапкершілікпен қарамаған. Әйтпесе, кинозалға өзгелер кірмесін деп өрімдей балаларды сыртынан жауып кеткенін қалай түсінуге болады?!

Осы оқиғадан кейін үкімет басшысы еліміздің ішкі істер

Ильин «Тексеруші келгенде кемшілік түзетіледі. Кейін апат кезінде шығатын есіктерге қайта құлып салынады. Ол әрдайым ашық тұруға тиіс. Ал бұл күзетшілер санын көбейтпеу үшін жасалып отыр» деп еді.

Біз осы аптада Алматыдағы қоғамдық кеңеске мүше әріптестерімізбен теміржол вокзалы, автобекет және басқа да қала тұрғындары көп баратын нысандарды араладық. Қауіпсіздігінен бастап, жолаушы үшін қаншалықты жағдай жасалғанына дейін қарап шықтық. Бір айта кетерлігі, қай жерге барсақ та, күніне сан мыңдаған адам жүретін орындарда ретке келтіретін шаруа көп екен. Мәселен,

БІЗДЕГІ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?



министрлігіне сауда ойын-сауық орталықтарын тексеруді тапсырды. Ал білім және ғылым министрлігі барлық оқу

орындарының басшылығын нысандардағы қауіпсіздік мәселесін жіті назарда ұстауға шақырды. Бастаманы өзге министрліктер де іліп әкетеді деген сенімдеміз. Тек бұл шаруа осы науқан кезінде ғана жасалмаса болғаны. Себебі қандайда бір оқиғадан кейін ары кетсе, бір апта шулаймыз. Одан кейінгі жағдайдың қалай өрбіп жатқанында ешкімнің шаруасы болмайды.

Мемлекеттік бақылаудан бөлек, қоғамдық ұйымдар мен белсенділердің атқарар жұмысы орасан. Себебі еліміздегі көптеген мекемелердің басшылығы тексеруші келгенде көзбояушылыққа салып, бәрін ретке келтіріп қояды. Тексеруші кеткен соң, қайта өз қалпына келеді. Бірде ішкі істер министрінің орынбасары Юрий

«Сайран» халықаралық автобекетін алайық. Қауіпсіздік ережесін сақтамақ түгілі, ондай талап мүлдем жок деп айтуға болады. Дәлел болу үшін суретке түсіріп алдық. Өрт кезінде су алатын қрандар жабық тұр. Өрт сөндіргіштің мерзімі әлдеқашан өтіп кеткен. Апат кезінде шығатын есіктер жабық. Осылай тізбектей берсең кете береді...

Қаладағы сауда ойын-сауық орталықтарына да ат басын бұрдық. Ең басты кемшілігі — балаларға арналған

аланқай екінші,

үшінші қабатта

орналасқан.

Сыртқа шығу үшін біраз уақыт

кетеді. Оны

бірінші қабатқа

орналастыруға

не кедергі? Менің

ойымша, солай

болуы керек. Әрине,

бар кінәні төтенше

жағдай департаментіне

артып қоюға болады.

Бірақ сол кемшіліктерді

күнделікті өзіміз де

көріп жүрміз. Әрдайым

белсенділік танытып

отырайық. Адам өміріне қауіп төндіретін мәселеге атүсті қарамай, жауапты мекемелерге шағымданып, жағдайдың түзелгенін қадағалайық. Төтенше жағдай департаменті, мемлекеттік мекемелерге түйткілділн бар екенін тайға таңба басқанлай көрсетейік! Өйткені бәріміз үшін ең бастысы — ата-анамыздың, бала-шағамыздың, жақындарымыздың қауіпсіздігі.



Думан КАПАСОВ, блогер, Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі



Омархан ӨКСІКБАЕВ, Мәжіліс депутаты:

«Тұрғын үй құрылыс жинақ» банкіні (ТҚЖБ) жекешелендіру мәселесін дұрыстап ойлану қажет. Оны бізге стратегиялық серіктес әкелеміз деп түсіндіруде. Серіктестен біз не ұтамыз? Олар өз жағынан салым салатындықтан, жеке талаптарын қоя алады емес пе? Оған біздің тарап не рұқсат берерін, не бермесін білмей, екіұдай күй кешеді. Тіпті нені жоғалтып, қандай нәтижеге қол жеткізерімізді де ешкім нақты айта алмайды. Соңында жалпылама жауап беріледі. Ал оны отандастарымыз түсінбей дал болады»



Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ, ұлттық экономика министрі:

«Тұрғын үй құрылыс жинақ» банкіндегі жеңілдік толығымен сақталады. Сондай-ақ банк «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша да өз жұмысын жалғастыра береді. Егер инвесторлар аталған мемлекеттік бағдарламамен келіспей жатса, онда бізде студандар бас тартамыз. Жылдық жинақтың 20 пайыздық мемлекеттік сыйақысы да өз мәнін жоғалтпайды. Егер осы аталған барлық талапқа келісіп, өз салымын саламыз десе ғана рұқсат етіледі. Олай болмаса, ары қарай басқа жолын қарастырамыз»



Ашық әңгіме

27 наурыз – Халықаралық театр күні. Осы мерекеге орай, біз Мұхтар Әуезов атындағы драма театрының актері Бекжан Тұрыспен әңгімелескен едік. Бекжан Тұрысты таныстырып жатудың өзі артық. Ол өмірдің кейбір көлеңкелі көріністерін театр сахнасына әкеліп, өдемі әр беріп жүрген талантты әртіс. Ол өнер тақырыбына ғана емес, қоғамдық-әлеуметтік тақырыптарға да сын көзбен қарайтын жан. Онысын осы сұхбатында да көрсетті.

Жас казак: «Ұлым, саған айтамын» деген қойылым қойдыңыз. Осы сияқты қоғамдық, әлеуметтік мәні терең, халыққа ой салатын дүниелер театрдың ауқымына, сахнасына сыймайтын сияқты. Неге?

Б.Тұрыс: Бүгінгі қоғам қажет дүниені керек етпей тұрған қоғам болып тұр. «Ұлым, саған айтамын» қойылымын көріп шыққан болсаң, ол — ұлттың қалыптасуы, рухани жаңғыру. Сол кеште халықты біраз сілкіп алған болатынбыз. Елбасы ұсынып отырған қай бағыт болсын, барлығы рухани әлемді байытатын қадам. Ал рухани байлығы мол адам өзгенің алдында өзін үнемі көрсетіп, дәлелдей алады. Бұл дүниеімізбен рухани жаңғыру басталмай тұрған кезде, жаңғыртып қойдық! «Ұлым, саған айтамын» ақын Бақыт Беделхан екеуміздің бірігіп жазған дүниеміз.

Жас казак: Театрдың репертуарына енгізу жайын ойланып көрмедіңіз бе?

Б.Тұрыс: Ол әңгіме сол кезде айтылған. Көрермендерден де көп хат келді. Ішінара кейбір жерлері қайтадан қаралса деген ұсыныстар болған. Бірақ айтылуға тиіс нәрсені халыққа жеткізе алмасақ, құны кетеді. Шікі болып қалады. Ол жерде артық ештеңе айтылған жоқ. Әрбір қазақтың басынан кешіп отырған жағдайын, бүгінгі қоғамды айттық. Театрда қою туралы да сөз болған. Бірақ болмады. Кейінге қалдырыла берді.

Бекжан ТҰРЫС:



Жас казак: «Қожанасыр тірі екен» комедиялық қойылымды жалғыз өзіңіз сүйреісіз. Тіпті алып кемені Бекжан Тұрыс жалғыз өзі сүйреп бара жатқандай көрінеді бізге. Кейде «Осынша дүниені неге жалғыз өзім жеткізіуім керек? Неге басқалар да әрекет етпейді? Олар да айлық алады ғой» деген пенделік ой болмай ма?

Б.Тұрыс: Жок. Мен пенделіктен аламын. Мен ыңғи Гогольдың бір сөзін алға тартып айтып жүрмін. Ол «Қарапайым адамға кешірілген пендешілік, талантты адамда кешірілмейді» депті. Сол үшін пендешіліктің кіндігін кесіп, кеменгерлікке қарай қадам бассак деп жүрген жанбыз. Жас шамамыз да соған келді. Әркім өзінің сүйген кәсібінен ондай кінәрат таппайды. Барлығы өзінің шама-шарқына қарай әрекет етеді. Менің ұстанымым — ұлтқа қызмет ету! Сол үшін «Қожанасыр тірі екен» қойылымына қоғамдағы күнделікті жаңалықты қосып отыруға тырысамын. «Театр — қоғамның айнасы» деп бекер айтылмайды. Кейде артық нәрсе айтудан қорқақтайтындар бар. Менің айтып жүргенім артық сөз емес. Бүгінгі қоғамның ашы шыңдығы. Бірақ бүгінде шыңдықтан айналып өтіп, ақиқаттың ауылынан алыстап кеттік. Сол себепті кішкене болса да, айтқым келген дүниені сәтіммен, орайымен айтып қалғым келіп тұрады. Аллаға шүкір, бүгінгі көзіқарақты көрермен сауатты. Тез түсініп, ой қорытып жатады.

Жас казак: Осы «Қожанасыр тірі екенді» ойнаған кезіңізде қоғамның қотырын қаситын ашы тақырыптарды қосып жібересіз. Әлдебіреулердің намысына тиіп аламын деп қорықпайсыз ба, кокан-локкы жасаған қоңыраулар түспеді ме?

Б.Тұрыс: Жок, ондай жағдай бүгінге дейін болған емес. Өйткені мен бір сөзімді қайдан қосқан емеспін, тек шыындықты ғана жеткіземін. Қазір ұлы тұлғаларға табынулың орнына, Сәтлаубекке сыйынатындар көбейіп кетті. «Қожанасыр тірі екен» деген қойылымда бар болғаны соны айналдырып әкеліп, өздеріне көрсеттім.

МЕНІҢ ДЕ САРҚЫЛУЫМ МҮМКІН

Жас казак: Казак театрларында өмір бойы қызмет етіп келе жатқан ақсақалды ата мен ақжаулықты аналарымыз көп. Бірақ бүгінге дейін сол қарияларымыздың кейбірінің сәтті бірде-бір образы жоқ. Әйтеуір, айлық алып келе жатыр. Кейде сол кісілерге өнер адамы, әріптес ретінде жаныңыз ашымай ма?

Б.Тұрыс: Біреу жайында әңгіме айту асылық. Ол кісілер осында әктер ретінде қабылданғаннан кейін бүгінге дейін құрдан-құр жүрді деп айтуға болмайды. Кім біледі, менің де бір күні сарқылуым мүмкін ғой? Бойдағы қуат жас өтіп, заман жаңарған сайын өзгеріске ұшырайды. Жалпы еткен еңбектің жемісі жерде қалмайды. Театрдың көрермені саралап, сізді тауып, танып алады. Ал өзімнің әріптестерім

мен олардың еңбегіне қатысты сөз қозғау азаматтығыма сын! Сондықтан біреу жайында әңгіме айтудан аулақпын.

Жас казак: Былтыр Есмұхан Обаевтан сұхбат алғанбыз. Сөз арасында «Бізге кейбір зейнетке жетсем болды деп, сүйретіліп жүретін әртістер бар. Менің соларға жаным ашиды. Өнерге, театрға неге келгенін түсінбеймін?» деп айтып еді. Сурағым келген әңгіменің төркіні осы еді.

Б.Тұрыс: Өнерге адам адасып келмейді. Мүмкін, шама-шарқына қарай бүгінгі көшке ілесе алмай қалып жатқандар бар шығар. Бірақ Алла әркімнің маңдайына бір бақ, таңдайына бір дән бұйыртады. Бәріміз де сол бақпен, сол дәнмен жүрген жанбыз.

Жас казак: Өнер адамдары қарапайым халықпен салыстырғанда сезімтал келеді. Соңғы кезде шоу бизнесте, театрда жүрген өнер адамдарының көбі ұлтқа, ел мен жерге қатысты тақырыптарға келгенде сезімдері өліп қалғандай үнсіз. Неге?

Б.Тұрыс: Көріші Ресейді алып қарар болсақ, ондағы актер мен әншілердің ұлт тағдырына келгенде белсенділігі сұмдық! Ал бізде алынбай қалған атағын айтып, концертке шыға алмай қалғанын айтып жылап жүреді. Барлығы дей алмаймын. Бірақ мұндайлар көп. Арасында бой көрсетіп қоятындары да бар. Дегенмен жасқаншақтық танытады. Орыстың қай азаматын түртіп қалар болсаңыз, намысшыл. Оңтүстік Қазақстан облысында болған он екі жасар балаға қатысты жағдай Ресейде болса, барлығы бір ауыздан «Құдайым, халқымды сақтай ғар» деп тілеу тілейді. Тіпті қаңғыбастарына дейін. Ал бізде тек таңырқап қараймыз. Тіпті түрік қызының Голливудта түсірілетін кинодан бас тартқанын ерлікке балап айтқан едім. Әлеуметтік желіде қыздар мені талап тастайын делі. Мен ол кезде біздің қыздарымыз да осындай тәуекелге бара ала ма деген оймен, намысын ояту мақсатында жазған едім. Ақша, атақ үшін киноға жалаңаштанып түсіп жатқандар баршылық. Ал түріктің қызы «Біздің табиғатымыз мұндай тірлікке жат әрі қарсы» деп намысын ақшаға, атаққа сатқан жоқ. Ал біздің қыздар өзге ұлттың киносына түссе, мәз болып, кеудесін керейді. Түрік қызы қаншама қомақты ақшадан бас тартты. Салыстырып көріңізші. Қай дәуірде де ұлттың болашағы қыздардың қолында болған.

Жас казак: Сіз айтып отырған Ресейде өнер адамдарына деген құрмет бөлек, ал бізде өнер адамдарына деген құрмет әлі төмен сияқты. Тіпті көшеде бір актерді көріп қалсақ, мән бермей өте шығамыз...

Б.Тұрыс: Құрметтің ең биігі дінге деген құрмет. Ал адамға деген құрмет міндет емес. Әртиске құрмет көрсету керек деген оймен көп адамды құртып алдық. Біреуді мақтау арқылы өсіруге де, өшіруге де болады. Ал қазір халықтың үстінен сөз айтатындар көбейіп кетті. Адам өзінің ісімен, сөзімен танылып, елдің құрметіне бөленіп, жүрегінің төрінен орын ала алады. Анық жақсылыққа лайық жан болсаңыз, халық ешқашан лақтырып тастамайды. Бірақ соны

Түрік қызының Голливудта түсірілетін кинодан бас тартқанын ерлікке балап айтқан едім. Әлеуметтік желіде қыздар мені талап тастай жаздады. Мен ол кезде біздің қыздарымыз да осындай тәуекелге бара ала ма деген оймен, намысын ояту мақсатында жазған едім. Ақша, атақ үшін киноға жалаңаштанып түсіп жатқандар баршылық. Ал түріктің қызы «Біздің табиғатымыз мұндай тірлікке жат әрі қарсы» деп намысын ақшаға, атаққа сатқан жоқ. Ал біздің қыздар өзге ұлттың киносына түссе, мәз болып, кеудесін керейді.

көтере алмай, халықтың өзіне қарсы секіріп жатқандар көбейді. Мәселенің барлығы білімнен емес, сананың жетістігінде. Бірақ санадағы сілкініс өзгермей тұр.

ӨНЕРДІҢ ҚАДІРІН АДАМ КЕТПЕДІ

Жас казак: Өнерге өзіңізден кейін келген қаншама қыз-жігіттер атағын малданып әлеуметтік жағдайын жасап алған. Біреуінде төрт қабатты үй, біреуінде жеке бизнесі, рестораны, шаруашылығы бар дегендей. Сіз де осының қайсысы бар?

Б.Тұрыс: Әңгіменің басында айтқанымдай, пендешіліктен алысырақ жүруге тырысатын адаммын. Байлықты қызық пен жұбаныш ретінде көрген пенде емеспін. Үнемі шүкіршілікпен өмір сүремін. Мен рухани байым! Мендегі рухани байлық зәулім үй бар жандарда бар ма екен? Мәселе осында. Рухани бай адамның жаны тыныш болады. Ал дүние жиған адамның өмір бойы ұйқысы қанбайды, жан-дүниесін қорқыныш, мал-мүлік билеп тұрады.

Біреудің бабы, біреудің бағы шабатын шығар. Оған ешқашан қызғанышпен қарап көрмеппін. Дүние жағынан ешкіммен таласқа түсіп, біреудің мүлкін санағым келмейді. Қанымда жок қасиетке бас ұрмаймын!

Жас казак: Бекжан аға, сізді мықты асаба дейді ғой. Бүгінде әртис те, әнші де тоймен жан бағып жүр. Өнердің сахнасы киелі, ал тойдың сахнасына әркім бір шығады. Түнімен той қуған актер театр сахнасына шыққанда өзін тойда жүргендей сезінбей ме?

Б.Тұрыс: Менің ойымша, әншілер де, әртістер де тойға жетіскеннен бермейді. Өзім де кезінде тойға барып, жан бақтым. Жан-жағымдағы туысыма көмектестім. Ол материалдық жағдайдың жетіспеушілігінен. Қазір, мысалы, көп жастардың басында баспана жоқ. Жағдайын жақсартқысы келеді. Оларды сөуге болмас. Кеше тойда болып, бүгін театрда өнер көрсету әркімнің қарым-қабілетіне байланысты дүние. Әртис адамдарының артынан сөз көп ереді. Актердің жағдайын жасап, айлығын

жақсартса, тойға бармай-ақ, осында жұмыс істейтін еді. Жоқтықтан, мұқтаждықтан той жағалап асаба болады. Мысалы, менің айлығым 110 мың тенге. Егер әртістердің айлығы 1500-2000 доллар



болса, бірде-бір актер үйіне бармай, осында қонып-жатып жұмыс істейтін еді.

Жас казак: Соңғы жылдағы жазушылар мен өнер адамдарының арасында бір-біріне жауласу тереңдеп кеткен сияқты. Жуырда өткен Жазушылар одағының құрылтайы соның бір дәлелі. Зиялы қауым өкілдерінің арасындағы дұшпандық, жауласу қайдан келді, қайда барады?

Б.Тұрыс: Бұл нәрсе бізді де толғандырады. Әдебиетімізде осындай сорақылықтың болып жатқаны адамды қынжылтады. Ұлттың жанашыры, ұлттың төлімгері, мақтаншысы деген адамдарымыз ұсақтыққа барып жатса, сонда кімге қарап, кімге сенеміз? Ұрпақ кімнен үлгі алады? Маған бұл сұрақтардың жауабы қызық. Қазір әдебиет пен өнердің қадірі

кетті деп жатады. Шын мәнінде, екеуінің қадірі кеткен жоқ. Жай ғана соның қадірін кетіріп жүрген адамдар бар. Қазір өзі өнерді қалжаға, білімді саудаға айналдырған заман болды. Елдің берекесін алды. Осындайда Бауыржан Момышұлы, Токпановтың тоқпағы сияқты адамдар жетпей тұрады. Кеше кішкентай нәрсені күлкімен-ақ шешетін үлкендер болды. Қазір аз.

РӨЛГЕ РЕНЖІГЕН ЖЕРІМ ЖОҚ

Жас казак: Театрда рөлдерді бөлісу деген бар. Сізге тимей қалған, «шіркін-ай осыны мен ойнасам ғой» деген арманыңызға айналған рөл болды ма?

Б.Тұрыс: Бүгінге дейін ондай жағдай болмапты. Енді-енді айма бастауым мүмкін. Өзіме берілген рөлді үнемі жауапкершілікпен ойнауға тырыстым. Қаншалықты ойнағанымыз көрермен бағалайды. Қарап отырсақ, былайша өмірде жасаған қиянаттарымыз болғанымен, өнерге ешқашан қиянат жасамадым. Елуден аса рөлді сомдаппын. Бәріне жанымды салдым. Мынау менікі емес, анау менікі деп бөле қараған жоқпын. Басты рөл берілсе де, қосалқы ойын берілсе де, бәріне бірдей жауапкершілікпен қараймын.

Жас казак: Театрдағы кейбір қойылымдарды қарап отырған кезде көз алдымызға ойнап жатқан адамды кейіпкерімнен ұқсатпай жатамыз. «Шіркін, ананың ретінде басқа кісі болу керек еді» деген сияқты көрермен ретінде біздің де жеке пікіріміз болып жатады. Соған қарағанда, рөл бөлу де «бармақ басты, көз қысты» деген дүние бар сияқты.

Б.Тұрыс: Менің бір білетінім, кім театрда еңбек етеді — сол адамға рөл беріледі. Ал рөлден қашып жүрген адамға режиссер рөлді сеніп тапсырғысы келмейді. Сіз айтқан жағдайдың рас-өтірігін білмеймін. Бірақ барлығы адамның тек өзіне байланысты. Қазақта «Жаксы ісінен көреді, жаман кісіден көреді» деген сөз бар. Сондықтан театрға

келмей, сырттай пыш-пыш әңгіме айтып, рөл бермей қойды дейтіндер алдымен өздерінен көрсін.

Жас казак: «Бүгінгі жастар Абай мен Қайрат Нұртас қатар тұрса, алдымен Қайратты төрге оздырады» деген сияқты ойлар айтып жатады кейбір зиялы азаматтар. Мұны іріліктің ұсақталғаны дейміз бе? Әлде халық бойындағы жақсы қасиеттің жоғалуы деген дұрыс па?

Б.Тұрыс: Казак өзінің болмысынан, мінез-құлқынан айырылып қалды. Мен «Ұлым, саған айтамын» қойылымын қойған кезде де ұлтымыздың салауаттылығын, қадір-қасиетін арттырсам деген мақсатпен өз ойларымызды ортаға салдым. Жастарды көп сынайды деп айтуы мүмкін. Біз жастарға көп сенім артмамыз. Қуатты ел боламыз десек, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне ерекше мән беруіміз керек. Өйткені ұлттың ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында. Қазіргі таңда етек алып бара жатқан ата-баба дәстүріне қарсылықтың ең басты себебі — ұлттық қадіріміздің қадірін жете түсінбегендіктен туындап жатыр.

Біз қазір қомағай қоғам, өнегесіз өркениетпіз. Көпіріп сөйлейтіндерді шешен етіп қойдық. Бүгінде бәрі ұлтының жанын ұқпай жатып ұлы адам болғысы келеді. Мысалы, елде болған жақсылыққа бізміз қуанамыз, ал жамандығына бей-жай қараймыз. Көрмейін десен көзін, айтпайын десен аузың бар. Бір ойылдың «Адам занның емес, салт-дәстүрдің құлы болған кезде ғана шынайы өмір басталады» деген сөзі бар. Елбасы неге рухани жаңғыруды ұсынып отыр? Міне, соның барлығын жанартсын дегені. Бірақ жоғарыдағы көп кісілердің өзі сол рухани жаңғыруды түсінбеуі мүмкін.

САТИРА САЙҚЫМАЗАҚҚА АЙНАЛДЫ

Жас казак: Бекжан аға, енді сатира туралы бір-екі сұрақ қоя кетсек. Сатира театрларына деген өзіңіздің бағаңыз қалай? Мысалы, кеше ғана әнші Жұбаныш Жексен бір сұхбатында «Тұрсынбек Қабатовты әртис деп бағалай алмаймын. Ол асхананың әңгімесін айтатын болды» депті. «Өнер қырандарын» да сынаған. «Халықты үнемі

жылата береді, күлдіруге тырыспайды» деген ойлар айтыпты. Сіздің пікірге не айтасыз? де табиғатыңыз сатираға жақын ғой. Бұл пікірге не айтасыз?

Б.Тұрыс: Шыны керек, сатираны сайқымазаққа айналдырып алдық. Әзілдің астары, қалжының мысқылы болмаса, ол әшейін дүние. Қазак әу баста әдеп пен әзілді қадірлеген халықпыз. Ал бүгін күлдіреміз деп бүлдіріп алып жүрміз. Қазак жігіттерінің әйел болғанын құптамаймын. Бұрынғымен салыстырар болсақ, әр айтқан әзіліңде ой салар астары тұратын. Олар соны ешқандай олқылықсыз-ақ өдемілеп жеткізе алды. Ұлт болып көретін ұлттық телеарнадағы «Жайдарманды» алайықшы. Сол бізге керек пе? Соны кейбір үлкендер де теледидар алдына телміріп отырып көреді. Карасан, қарнын ашады. Ұлтты рухтандырып, елді ойландырып, жұртты толғандыратын дүниелер дінкелеп тұр. Неге сондай бағдарлама жасамасқа? Арзанмен арпалысудың орнына, керісінше жасаймыз. Мұндай сын айтсан, сені ұлттың, халықтың жауы санайды. Сын айтылса, түзету керек.

Жас казак: Көп дүниеге көңіліңіздің толмайтынын бүгінгі әңгіменіңден тағы бір байқағандай болдық. Түйін сөзді де өзіңіз айтыңызшы!

Б.Тұрыс: Актердің кемшілігі — мақтау сөз күту. Өнер — ұлтқа қызмет ету. Намысын нағна сатпау керек. Өз ұлым Мағжанды қоғамнан келгенше қазакы болмыста тәрбиелеп жатырмын. Ұлттық болмыс дегеніміз — наурызда қазакы киім киіп, наурыз көже ішіп, ұлттық ойын ойнаумен ғана шектелмейді. Қанымыз таза болғанымен, жанымыз тазармай жүр. Ұлыма үнемі «Сен, менің ғана емес, ұлттың ұлысын. Сол жауапкершілікті сезіне біл. Өйткені сырт елге шыққанда, Бекжанның баласы емес, қазақтың баласы боласын» деп үнемі айтып отырамын. Қазакы мінезден, салт-дәстүрден ала болып барамыз. Мұның барлығынан қорқымыз керек.

Кез келген қазақтың тілейтіні — ол біздің тәуелсіздігіміз, амандығымыз болуы керек. Ағаш өскен сайын тамыры тереңге тартады дегендей, жасымыз келген сайын көп ойланатын болдық. Жап-жас үрімдей қыздарымыз темекіні түтетіп тұрғанын көргенде кеудем қарс айырылады. Алдында «бұларын не?» деп бір-екі рет айтқанмын. «Арп» етіп қауып алды. Қазак қызынан ондай сөз естігін келмейді. Бұрын даламыз бен еліміздің кеңдігін, қайғы-мұңымыздың барлығын қазак қызының кірпігінен іздеуші едік. Ал бүгінде сол бейнелер жоғалып, саналарын сән билеп барады. Ұлттық рух алдыға озған кезде ғана қыз ұятсыз, ұл ұлағатсыз болмайды.

Сұхбаттасқан Жарас КЕМЕЛЖАН,
Салтанат ШЫРЫНХАН
Суретті салған Ғалым СМАҒҰЛ



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Серіктестік

СЕРПІН

1993 жылдың көктемінде тәуелсіздігін күні кеше жариялаған жас мемлекет пен «Шеврон» компаниясы арасында ұзақ мерзімді келісімді көздейтін құжатқа қол қойылды. Компанияның сол кездегі директорлар кеңесінің төрағасы Кеннет Дерр осынау тарихи оқиғаны былай еске алады: «Үміт күттірген бұл күн менің есімде. 1993 жылғы 6 сәуірде Қазақстан



Президенті және мен Тенізді игеру туралы тарихи құжатқа қол қойдық. Оны Қазақстан Республикасы мен біздің компания арасындағы өзара сенім және жауапкершілік символы деп атағанымыз да жадымда. Бүгін де солай, үнемі солай болады».

Міне, осы күннен бастап елімізде шетелдік инвестицияның негізінде мұнай-газ өндірісі қарқын алды. Сол жылы бірлескен «Теңізшевройл» кәсіпорны 940 мың тонна «қара алтын» өндірді. Бүгінгі көрсеткіш 28 млн тоннамен салыстырғанда, бұл теңіздің тамшысындай көрінері анық. Бірақ осының өзі әжептәуір демеу еді. Өйткені Кеңес Одағы ыдырап, бұрынғы шаруашылық қарым-қатынас үзілген шақта жас мемлекеттің экономикасына инвестиция, яғни қаржы ауадай қажет болды.

Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін бәрін де қайтадан бастауға тура келгені белгілі. Бастапқы кезде шетел инвестициясын тарту оңайға соқпады. Батыстың алпауыт компаниялары Қазақстанның экономикалық серіктес бола алатынына күмәнмен қарады. 1993 жылы Қазақстанға «Шеврон» компаниясының келуі және Теңіз кенішінің игеру жөнінде жасалған келісім өзге де трансұлттық корпорациялардың назарын аудартты. «Шевроннан» кейін еліміздің мұнай-газ саласына ірі инвесторлар ағыла бастады. Үстіміздегі жылдың қантар айында АҚШ президенті Дональд Трамппен кездесу барысында Президент Нұрсұлтан Назарбаев елімізде жұмысын жүргізіп отырған американдық алпауыт компаниялар қатарында «Шевронды» алдымен атап өтті.

Өткен жылдың қараша айында Елбасының «Шеврон» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы, бас атқарушы директор Джон Уотсонмен кездескені мәлім. Президент Нұрсұлтан Назарбаев бірлескен жобалардың тиімділігіне тоқталып, Джон Уотсонның еңбегін айрықша атап өтті. Өз кезегінде Джон Уотсон мырза ынтымақтастық мәселелерін талқылауға мүмкіндік берілгеніне ризашылығын білдірді.

«Президент Назарбаев Қазақстандағы қызметіміздің жемісті жүзеге асуына зор ықпалын тигізді. Осыдан 25 жыл бұрын оның Кеннет Деррмен бірге қандай тәуекелге барғанын түсінемін. Президент Назарбаев «Шевронға» сенім артуға бел буса, «Шеврон» өзі үшін беймәлім елге инвестиция құюда тәуекелге барды. Менін ойымша, осы екі тұлғаның бір-біріне сенім артуының арқасында ортақ жетістікке қол жеткізілді. Осы жылдар ішінде Президент «Шевронға» және біздің серіктестерге ұдайы көмек көрсетті» делі ол.

Сол кездесуде «Шеврон» басшысы компанияның ауқымды жана жобасы жайында өңгімелеп берді. 2016 жылдың ішіндеде «Шеврон» мен оның серіктестері Теңіз кенішінде өндірісті кеңейтуге қаржы құятынын мәлімдеген еді. «Біз Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен кенеюдің жана жобасын талқыладық. Құрылыс қарқын алғанда 35 мыңға жуық жергілікті жұмысшы тартылады. Сондай-ақ 37 млрд доллар көлеміндегі инвестицияның үштен бірінен астамы қазақстандық мазмұндағы қызмет пен өнімдерді сатып алуға жұмсалады. 2016 жылы біз мұнай өндіруден рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік. Алдағы кезде де, бәрі ойдағыдай болса, тағы да рекорд күтеміз» делі Джон Уотсон. Осыдан кейін ол 2018 жылдың 1 ақпанынан бастап «Шевронды» басқару тізгіні Майкл Вирттың қолына берілетінін мәлімдеді. Майкл Вирт басшылық қызметке

SERPIN

(Басы
1-бетте)

Арада 53 жыл өткенде алпауыт компания өз атауын Chevron Corporation («Шеврон корпорациясы») деп өзгертті. Бұл кезде оның логотипін Америка ғана емес, Азия мен Африкадағы жұрт алыстан танытын. Тек жарты әлемді алып жатқан кеңестік жүйедегілерге беймәлім еді. Компанияның мұнай мен газға бай осы алып атыраптағы алғашқы қадамы Қазақстанда басталды.

кіріскеннен кейін Қазақстан мен компания арасындағы серіктестік қарым-қатынасты одан әрі дамытуға күш салатынына уәде берді.

«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ»

Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды. Бұл Кеңес одағының мұнай-газ саласындағы баға жетпес

«ШЕВРОН». ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫМЕН



«Теңізшевройл» серіктестері – «Шеврон» – 50%, «ҚазМұнайГаз» – 20%, ExxonMobil – 25% LukArco – 5%

байлығы еді. Теңіз әу бастан «қара алтын» қоры жағынан әлемдегі ең ірі мұнай кеніштерінің ондығына енді. Мұндағы жалпы барланған қор 3,2 млрд тонна немесе 25,5 млрд баррельге бағаланды. Кеңес үкіметі кезінде Теңіздегі өндіріс 1980 жылдары басталып, біраз уақыттан кейін жылына үш млн тонна мұнай өндірілетін дәрежеге жетті. Әлбетте, мұндай ірі кен орны қомақты инвестицияны қажет етті. Ондай инвестицияға еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қол жеткізгенін жоғарыда аз-кем айтып өттік.

«Теңізшевройл» миллиардтап тартылған инвестицияны барынша тиімді игеруінің арқасында өндірістің бүкіл инфрақұрылымын қайта құрды. ТШО Теңізді ғана емес, Королев кен орнын игеруді де мойнына алды. Барланған қоры 200 млн тонна (1,6 млрд баррель) дерлік осы кеніштегі өндіріс 2001 жылы басталды.

ТШО-дағы үлесі басым «Шеврон» компаниясы өндіріске жана технология енгізуді назардан тыс қалдырған емес. Ең бірегейі — 2008 жылы ТШО-да Шикі газ айдау және Екінші буын зауытының жобасы. Соның нәтижесінде тәуліктігі мұнай өндіру көлемі шамамен 75 000 тоннаға (600 000 баррель), ал табиғи газ 22 миллион текше метрге жетті.



Заманауи технологияға сүйеніп жасалған құрылғының әлемде баламасы жоқ. Екінші буын зауыты мұнай құрамындағы күкіртті бар құрамдардан арылып, табиғи газ бен күкіртті ажыратады. Зауыт іске қосылған соң мұнаймен бірге шығатын газ жоғары қысыммен қайтадан жер қабатына айдалды. Осылайша Теңізде өндірілетін газдың үштен бір бөлігі кәдеге жаратылып, қалған бөлігі тауар газы, пропан, бутан және күкірт өндіруге пайдаланылады.

Еліміздің экономикасына Теңіз кен орнының әкелген пайдасы зор. 1993 жылдан 2017 жылға дейін ТШО-ның тікелей қаржы төлемдері 125 миллиард доллардан асты. Соның ішінде қызметкерлердің жалақысы, қазақстандық қызмет пен тауарларды сатып алу, мемлекеттік компанияларға төленген тарифтер мен алымдар, отандық акционерлер арасында пайданы бөлісу, үкіметке төленетін салық пен роялти бар. ТШО 2017 жылы рекордтық көрсеткішке қол жеткізді, яғни 28,7 миллион тонна (229 млн баррель) мұнай өндірді.

ТШО серіктестері Теңіз кен орнын одан әрі кеңейтуді көздейді. 2016 жылғы Келешек кенею жобасын және Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасын қаржыландыру бойынша ақырғы шешім қабылданғаны жария етілді. Бұл нысандардың құрылысы тиімділікті барынша арттырып, қаржыны үнемдеу үшін бір мерзімде орындалып жатыр. Келешек кенею жобасы өндіріс қуатын жылына шамамен 12 миллион тоннаға (таулігіне 260 мың баррельге) арттырып, «қара алтын» өндірісінің жылдық көлемін шамамен 39 миллион тоннаға (таулігіне 850 мың баррельге) жеткізуге мүмкіндік береді. Ал Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасы атқылайтын ұңғылардың ернеулік қысымын төмендетіп, қолданыстағы алты кешенді технологиялық желінің кіреберісіндегі қысымды арттыру арқылы Теңіз кен орнындағы зауыттардың толық қуатпен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Сонымен

консорциумындағы Теңіз-Новороссийск құбырына алғаш рет мұнай құйылды. Ұзындығы 1480 шақырымдық құбыр желісі Новороссийск қаласы маңындағы Южная Озерейка теңіз терминалымен жалғады. 2008 жылы ТШО «Оңтүстік бағыт» арқылы экспорттауға мүмкіндік беретін келісімшартқа отырды. Ол Теңіз мұнайын Актау айлағы арқылы Каспий теңізімен Бакуге, өрмен қарай Қара теңіз арқылы



ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ЖӘНЕ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАР

Отандық компаниялар өндіретін тауар мен қызметті қолдануды одан әрі арттыру — «Шевронның біздің елде жүргізетін жұмысының басты қағидасы. Оны ТШО мен КПО арқылы жүзеге асырады.

ТШО қазақстандық қамтуды дамыту стратегиясын бұлжытпай орындайды. 1993 жылдан бері ТШО қазақстандық тауар мен қызметке 22 млрд доллар жұмсады. Оның 1,9 млрд доллардан астамы 2016 жылға тиесілі.

КПО да жергілікті тауар мен қызметтерді жабдықтаушыларды дамытуға үлесін қосуда. Жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасы аясында КПО 3900-ден астам қазақстандық компанияны Жабдықтаушылар дерекқорына енгізіп, оларды Қарашығанақ кен орнын игеруге жұмылдыруға көмектесті. 1997 жылдан бері барлық КПО келісімшарттарындағы жергілікті қамту үлесі 6 млрд долларды құрады.

2016 жылы КПО арқылы «Шеврон» мен оның Қарашығанақтағы серіктестері қазақстандық тауар өндіруші және қызмет көрсетуші компаниялармен құны шамамен 530 млн долларды құрайтын шарттар жасасты. Сөйтіп қазақстандық қызмет пен тауарларды жеткізуге жасалған келісімшарт үлесі 52 пайызға жетті.

ӨРТАРАПТАНДЫРУ

«Шеврон» еліміздің экономикасын өртараптаңдыру ісіне де өз үлесін қосып келеді. 2003 жылдан бері компания Атырау полиэтилен құбырлар

зауытына (АПКЗ) иелік етіп, басқарады. Зауытта жылына 17 мың тонна полиэтилен құбырын шығаратын сегіз технологиялық желі жұмыс істейді. Мұнда жылыту жүйесі, ыстық су желісі және өндірістік нысандарда қолданылатын металл-пластикті және термопластикті құбырларды өндіріледі. 2013 жылы «Шеврон» бір жылда 30 мың қақпақша шығаратын зауытты іске қосты. Қақпақшалар су мен газ тасымалдау, сондай-ақ көріз жүйесінде қолданылады.

Осы зауыттар елімізде бұған дейін болмаған жаңа технологияларды алып келді және отандық өніммен қамтамасыз етуге қол жеткізді. Зауыттың өз өнімін экспорттау мүмкіндігі де бар.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау — «Шеврон» компаниясындағы басты құндылықтардың бірі. Мәселен, ТШО 2000 жылдан бастап қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға арналған жобаларға 3 млрд доллардан астам қаржы жұмсады. Жыл сайынғы шикі мұнай өндіру көлемі 2,5 есе артқанымен, ТШО-ның капиталдық бағдарламалары мен қондырғылардың сенімді жұмыс істеуінің арқасында мұнайдың бір тоннасына шаққандағы ауаға тарайтын қалдықтар 2000 жылдан бері 71 пайызға азайды.

Сондай-ақ КПО тұрақты даму мен қоршаған ортаны қорғаудың ең жоғарғы стандарттарын ұстануға міндеттенеді. 1998 жылдан бері КПО-ның қоршаған ортаны қорғауға салған инвестициялары 328 млн доллардан асты. 2016 жылы Қарашығанақтағы газды кәдеге жарату көрсеткіші — 99,84 пайыздан жоғары. Бұл — әлемдік деңгейдегі көрсеткіш.

ТҮЙІН

Елімізде 25 жылдан бері жұмысын жүргізіп келе жатқан «Шеврон» компаниясының экономикамызды өркендетуге қосқан үлесін былай қойғанда, әлеуметтік салада атқарған істері де ауыз толтырарлық. Жұмыспен қамтуда жергілікті тұрғындарға басымдық беру, жұмысшылардың біліктілігін ұдайы арттыру, денсаулығына мән беру — міне, «Шеврон» ұстанатын басты құндылықтар осы. Жастардың кәсіби және техникалық білім алуына септесетін гранттар мен шәкірттақы бөледі ұмыт қалдырмайды.

«Шеврон» салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау мақсатында қоғамдық шаралар ұйымдастырады. Ғасыр дертіне айналған АКТҚ/ЖКТБ алдын алуға бағытталған шаралар өткізеді. Ауруханалар мен перзентханаларға медициналық құрал-жабдық әперіп, денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің кәсіби дамуына қолдау көрсетеді. Айталық, 2016 жылы Алматы қалалық балалар ауруханаларындағы 200 дәрігер мен медбикенің жан сақтаулық жана әдістері бойынша оқуын ұйымдастырып, нәрсестердің шетінеуін азайтуға үлес қосты.

Шағын және орта бизнесті дамыту — «Шевронның» дүниежүзілік инвестициялық қызметінің ең маңызды бөлігі. Қазақстан Қолөнершілер одағымен тығыз қарым-қатынас орнатып, мыңдаған қолөнершіге кәсібин дөңсепетуге септесті.

«Шеврон жолының» өзегінде биік мақсат жатыр. Ол — әлемнің дамуына үлес қосатын қуат өндірумен қатар, адамзаттың өмірін жақсарту. Сол үшін де «Шеврон» сыныан өткен тәсілдерді қолдана отырып, инновациялық шешімдерді табуға тырысады. Серіктестерінің сеніміне ие болу үшін өз қызметін ең жоғары деңгейде атқарады. Сөз соңында мына бір жойтқе ерекше тоқталғанымыз келеді. «Шеврон» — ұзақ жылдардан бері қазақ баспасөзінің қамқоры әрі жанашыр досы.

Компания өз жетістігін серіктестерінің жетістігінен бөліп қарамайды. Біздің елімізбен серіктестігінің жемісті болуының басты себебі де — осы.

Гулнар АХМЕТОВА

ҚАРАШЫҒАНАҚ

Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан Қарашығанақ кен орны — мұнай және газ конденсатты ірі кен орындарының бірі. Кен орнында шамамен алғанда 1,6 трлн текше метр газ, 1,5 млрд тонна (12 млрд баррель) мұнай және конденсат бар. «Шевронның» Қарашығанақ жобасындағы үлесі 18 пайызды құрайды.

«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» (КПО) — еліміздегі ең ірі газ өндіруші кәсіпорын. 2016 жылы КПО 139,7 млн баррель мұнай баламасындағы қаныққан және қанықпаған сұйық көмірсутектер мен газ өндірді. Күкіртсізденген газ отын ретінде пайдаланылса, шикі газ экспортқа жіберіледі. Сонымен қатар 8,04 млн текше метр (өндірілген газдың 46 пайызы) шикі құрғақ газ қойнауатқа қайта айдалды.

1997 жылдан бері КПО серіктестері кен орнын игеруге шамамен 22 млрд доллар мөлшерінде инвестиция салып, тұрақты пайда түсіруге бағытталған өндірістегі озық технологияларды қолданды. 1998-2016 жылдары КПО-ның елімізге жасаған тікелей төлемдері 13,9 млрд долларды құрады.

ТАСЫМАЛ

«Қара алтынды» өндірумен қоса, оны тасымалдау жағы бар. Еліміз теңіз жолынан тым шалғайда орналасқандықтан, мұның өз қиыншылығы болды. 1993-2001 жылдары Теңізден өндірілген шикі мұнай түрлі жолдармен: Атырау — Самара құбырымен, теміржол арқылы және баржалармен тасымалданды. Өндірілген мұнай негізінен Қара теңіздегі Одесса, Феодосия айлақтарына және Батумиге жөнелтілді. 2001 жылғы 25 наурызда Каспий құбыр

халықаралық нарыққа жеткізуге мүмкіндік алды. Қара теңіз терминалдарынан Баку-Жейхан құбыры арқылы алғашқы мұнайды жөнелту 2008 жылдың қараша мен желтоқсан айларында басталды. Казір ТШО өндірген құрғақ (табиғи) газды тасымалдау үшін Теңіз-Құлсары газ құбырлары пайдаланылады. 2004 жылы ТШО бұл газ құбырының екінші тармағының құрылысын салып, оны Орталық Азия — Орталық магистральды газ құбырына жалғады. Бұл құбыр Орталық Азиядан, соның ішінде Қазақстаннан Ресей арқылы батыс елдеріне қарай газ экспортын қамтамасыз етеді.



«Шеврон» компаниясы Қазақстандағы Теңіз кен орнынан Новороссийск қаласындағы Қара теңіз портына баратын ұзындығы 1505 шақырымдық Каспий құбыр желісі консорциумында 15% үлеске ие. Құбыр желісі — ТШО мен Қарашығанақ кен орындарында өндірілген мұнайды экспорттайтын басты бағыт. 2016 жылы консорциум шикі мұнайды тасымалдау көлемін рекордтық көрсеткіш 44,3 млн тоннаға (таулігіне 959 мың баррель) жеткізді.

Құбыр желісінің қуатын тәулігіне 670 мың баррельге жеткізу жобасы жалғасуда. Жоба сатылы түрде жүзеге асырылып, қуаты жылына 67 млн тоннаға (таулігіне 1,4 млн баррельге) жеткенге дейін арттырылмақ. Осы кенею жобасы ТШО-да күннен-күнге артып келе жатқан өнім көлемін қабылдау үшін қосымша тасымалдау қуатын қамтамасыз етеді.

Жолсапар

**– I'm sorry, Mr! Mr, I'm sorry!
Ағылшынша сөйлеп, біреу
иығымнан түртпектейді.
Көзімді ашсам, бортсерік.
Ауқаттануымыз үшін оятып
жатыр. Қолыма ағ мәзірін
ұсынды. Ыстық тағамның
өкі-үш түрі бар. Қалағаныңа
тапсырыс бере аласың.
Бірақ не ағылшынша, не
түрікше түсінбеген соң,
таңдауың да көп емес.
Алдыңа өкеліп ұсыңғанын
аласың. Мұның өзі қосымша
тіл үйренуге мотивация
болса керек. Бортсерік беті-
қолымызды сұрту үшін ыстық
орамал ұсынды. Отырған
орнымыз да тым жайлы.**

көпірдің ұзындығы 1,5 шақырым. Ені — 33 метр. 1973 жылы ашылған нысанның құрылысына 200 миллион доллар жұмсалыпты. Аспалы көпірден өту ақылы. Күніне 200 мыңдай көлік өтеді. Дамирдің айтуынша, әр өткен көлік 5-20 лир (шамамен 500-2000 теңге) аралығында төлеуі тиіс. Себебі көлік түріне қарай тариф те әрқалай. Жүк көлігі мен жаяу жүргіншінің жүруіне тыйым салынған. Енді есептей беріңіз. Осыдан 45 жыл бұрын ашылған көпірге кеткен шығын қайтарылды ма? Менің ойымша, толық қайтарылды. Түріктер тиімсіз жобаны қолға алмайтын сынайлы.

2016 жылы ашылған «Еуразия» туннельі арқылы да өттік. Бұл да ақылы. Әріптесім Айдос «Біз құрғақ жерде Алматы метросын 25 жыл салдық. Бұлар судың астынан 110 метр тереңдікте жол салалы» деп жатыр. Еуропа мен Азияны жалғаған туннельдің теңіз астындағы ұзындығы шамамен 3,5 шақырым.

Қазір теміржолдың құрылысы жүргізілуде. Алып

Turkish Airlines компаниясына тиесілі ұшақтың бизнес санаттағы орнына жайғасып, Алматы халықаралық әуежайынан Ыстамбұлдың «Ататүрік» әуежайына ұшып барамыз. Көкке көтерілгенімізге бір сағаттай болыпты. Шамамен әлі бес сағат ұшуымыз керек. Ұшақта сол уақытты тиімді өткізуге барлық мүмкіндік қарастырылған. Қаласан, жеке өзіне арналған монитордан кино көруге болады. Одан зеріккенде ойын ойнайсың. Сол кішігірім мониторда Түркияның бірқатар қаласы туралы фото-бейне материал да бар. Біз сияқты түрік еліне алғаш бара жатқандар үшін таптырмас дүние. Ыстамбұл туралы біраз ақпарат аласың. Халықаралық және ішкі рейстерде жолаушы тасымалдайтын біздегі ұшақтарда да осындай қызықты әрі тиімді бейнеролик көрсетіліп тұрса, артық етпес еді-ау. Елінді, жерінді көруге келе жатқан саяхатшыға қызық қой.

Астанып болған соң, Turkish Airlines компаниясының Алматыдағы өкілі журналистердің жағдайын біліп шықты. Оның осы компанияда қызмет атқарғанына 30 жылдан асыпты. Айта кету керек, Turkish Airlines-тің Алматыдағы бөлімшесі тілші қауымды жыл сайын Ыстамбұлға апарып, атқарған жұмыстарымен таныстыруды дәстүрге айналдырған. Биылғы мақсаты да сол. Ыстамбұлдағы бас кеңсесіне апарып, ұшқыштар мен бортсерікті дайындайтын орталықты арылату жоспарда бар. Тағы бір күніміз Ыстамбұлдың тарихи орындарын тамашалаумен өтпек.

Жібек ханым бағдарламамен таныстырып, қайта орнына жайғасты. Қалған уақыттың қалай өтіп кеткенін де білмейміз. Міне, төмендеп келеміз. Бұлт арасынан екі шетін Қара теңізбен Мәрмәр теңізі шайып жатқан көне қала көрінеді. Каспийден басқа теңізі жоқ біздер үшін бұл тамаша көрініс. Қара теңіз бен Мәрмәр теңізінің арасын Босфор бұғазы қосып тұр.

КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

Ұшақ «Ататүрік» әуежайына қонды. Бізді бастап жүрген әуе компаниясының қызметкері болмаса, бұл әуежайда аласатынымыз анық. Құжынаған жолаушы. Бірі Ыстамбұлға келіп жатса, енді бірі басқа елге ұшу үшін өз рейсін күтіп жүр. Кейбірі отыратын орын болмай, жерге жайғасқан. Жыл сайын жолаушы саны артып жатқандықтан, тағы бір жана әуежай биыл есігін айқара ашпақ. Сыртқа шыққанша 15-20 минут жүрдік. Әуежайдың кіреберісінен 14 жыл көрмеген ауылдасымды жолықтырдым. «Жер домалақ» демекші, оны Ыстамбұлдан кездестіремін деп кім ойлапты?! Ауылдасым Дамир де таңданысын жасырмай, біз тұрақтайтын қонақүйдің мекен-жайын сұрап алды. Осы қалада жұмыс істейді екен.

Бір айта кетерлірі, Turkish Airlines компаниясы Ыстамбұл арқылы Еуропаға немесе басқа да елдерге ұшатын туристердің уақыты болса, көлікпен қаланы тегін аралатады. Түскі ас та соның ішіне кіреді. Тарихи орындарды аралатып, әуежайға қайта жеткізеді. Сондай-ақ бұл әуежайда әр қонақүйдің шағын автобусы тұрады. Егер де сол қонақүйге тұрақтайтын болсаңыз, тегін жеткізеді. Туристер үшін аса қолайлы. Біз баратын қонақ үй әуежайға жақын. Тек көшеде кептеліс болғандықтан, жарты сағаттай жүрдік. Шамамен 20 қабаттан тұратын бес жұлдызды қонақүй компаниясызға тиесілі екен. Оны естігенде өз үйімізде жүргендей күй кештік. Жібек біраз уақыт демалып алған соң, кешкі асқа баратынымызды айтты. Сағат кешкі жетіден кешікпей бірінші қабатқа түсуіміз керек. Сол күнге бар бітірер жұмысымыз сол. Белгіленген уақытта төменге түсіп, бізді күтіп тұрған көлікпен мейрамханаға жол тарттық. Түріктер де қонақжай. Ұлттық тағамның түр-түрін өкеліп жатыр...

Қонақүйге келсек, әуежайда кездестірген жерлесім күтіп отыр. Түнгі Ыстамбұлды араладық. Алып қаланың түнгі тіршілігі де қыз-қыз қайнайды. Бағдаршам аз. Есесіне, жол айрығы көп. Бір бағытта келе жатып онға, солға бұрылу керек болса, алдында 3-4 жол жаталады. Тұрасын таңдамасаң, бағытынан жаңыласың. Көшеде бейнекамера көп болса да, көліктердің жылдамдығы өте жоғары. Бізде дәл сондай жылдамдықпен жүрсек, айына қомақты айыппұл төлер едік. Дамирден оның себебін сұрадық. Сөйтсек, көлік жылдамдығына шектеу қойылмайды екен. Біздегідей қауіпсіздік кемерін де тақпайды.

Ыстамбұлдың Азия мен Еуропаны жалғаған Босфор көпірінен өтіп барамыз. Аспалы

шаһардың бар көшесін бір түнде аралап бітпейтініміз белгілі. Амалсыз қонақүйге қайтық.

БІЗ ҚАЛАЙ «ҰШҚЫШ» БОЛДЫҚ?

Ыстамбұлдағы екінші күніміз түрік әуе компаниясының ұшқыш пен бортсерікті даярлайтын орталығын аралаумен басталды. «Ататүрік» әуежайының маңында орналасқан кенесге кіргенімізде орталықтың маманы қарсы алды. Құжатымызды өткізіп, кіруге рұқсат алдық. Тәртіп қатан. Бізді бірінші кезекте ұшқыштарды даярлайтын стимуляторларға апарды. Орталықта осындай 10 құрылғы бар. Сырттай қарағанда саябақтарда тұратын аттракционға ұқсайды.



Ұшқышты дайындайтын оқу орталығы

мұндай құрылғыны шетелден алдырса, соңғы кезде Түркияда жасала бастапты. Бұдан кейін бізді бортсеріктерді дайындайтын алаңға өкелді. Бұл жерде ұшақтан өрт шыққанда, апаттық жағдайда теңізге қонғанда және басқа да төтенше жағдайда бортсерік не істеу керектігін үйретеді.

Стюардесса орталықта үш ай тәжірибеден өтеді. Осы уақыт аралығында өзіне жүктелетін міндетті толық үйренеді. Стюардесса, тіпті жүкті келіншектің толғағы келсе, қандай көмек көрсету керектігіне дейін білуі тиіс. Себебі ондай жағдай жиі орын алады. Мәселен, өткен жылы Франция азаматшасы Диаби Нафи 13 мың метр биіктікте бортсеріктердің көмегімен босанып, қызын дүниеге аман-есен өкелген.

Бізді Ыстамбұлға жеткізген ұшақ тізгінінде отырған ұшқыштың бірін осы орталықтан жолықтырдық. Бір-екі сауалымызға жауап беріп, болашақ ұшқыштарға өз кенесін айтты. 20 жылға жуық тәжірибесі бар маман ұшқыш болу үшін спортпен айналысу керектігін жеткізді. Себебі бірінші кезекте ұшқыштың денсаулығында кінәрат болмауы тиіс. Әрдайым білімін жетілдіріп, тәжірибесін ұштап отыру артық етпейді. Сол үшін де компания арнайы орталық ашып, жолаушылар мен өз мамандарының қауіпсіздігін диттейді.

Орталықтан шығып бара жатқанымызда әрқайсымыздың қолымызға бір-бір сертификат ұстатты. Бұл, әрине, біздің ұшқыш немесе бортсерікші болғанымызды білдірмейді. Дегенмен естелік ретінде өте құнды сыйлық.

Бұдан кейін әуе компанияның бас кеңсесіне жол тарттық. Онда Turkish Airlines компаниясының вице-президенті Түнжай Еминоғлы қарсы алды. Қазақстаннан арнайы келгенімізге алғысын айтып, компанияның жұмысы туралы дайындаған кішігірім презентациясын бастап кетті. Оның айтуынша,



Компания алдағы уақытта орталықты кеңейтіп, құрылғы санын 28-ге жеткізуді жоспарлап отыр. Себебі тек Turkish Airlines-тің емес, өзге де әуе компанияларының ұшқыштары осында дайындалады. Бұрын

JIHANKEZ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

биыл 29 қазанда Ыстамбұлда жана әуежай іске қосылады. Сол уақытта жолаушылардың саны күрт өсіп, әуежай ел бюджетіне түсетін табыстың 5 пайызын әкеледі деп күтілуде. 225 мың адам жұмыспен қамтылады. Жүк тасымалдау бойынша да жана көрсеткіштерге қол жеткізу көзделіп отыр. Вице-президенттің айтуынша, қазіргі таңда Turkish Airlines-ге 25 мыңға

жуық қызметкер жұмыс істейді. Ал әуе компаниясының жылдық табысы — 15 млрд доллар. 2017 жылы 69 млн жолаушы тасымалдапты. Биылғы жеке — 74 млн. Түнжай бейдің келтірген мәліметіне қарасақ, компания жолаушы тасымалдау көлемін жыл сайын 13 пайызға арттырған. Ал жалпы ұшақ саны бойынша бұл компания әлем бойынша алғашқы ондыққа кіреді. Жылдың соңына дейін ұшақ санын

әрдайым есіне салып отыратын Түркияның қызыл түсті туы желбірейді. Ыстамбұлда ту мен мешітті көп кездестіресіз. Түрік халқы өз елі мен ұстанатын дініне ыстық ілтипатын осылай білдірсе керек. Жалпы Еуропа мен Азияны бөліп тұрған Босфор бұғазы тек туристердің сүйікті орны ғана емес, халықаралық саудада



Түркияда
Елшіліктегі
ауырт

елеулі мәнге ие. Себебі бұл бұғаз арқылы Қара теңіз жағалауындағы айлақтардан шыққан кемелер Жерорта теңізіне, одан асып төрт мұхитқа жете алады. Түріктердің сан түрлі сериалдарынан көріп жүрген үйлерді де осы бұғаздың жағалауынан кезіктірілдік. Нияз бей арасында байлардың, әншілердің қайда тұратынын қолымен нұсқап көрсетіп қояды.

Байқауымызша, бұғаздың жағалауында кедей-кепшік тұрмайтын сияқты. Себебі мұндағы үйлердің бағасы өте қымбат.

Біз қайыққа Еуропа бөлігінен мініп, Азия жағынан түстік. Содан кейін шамамен бір ғасыр бойы шіркеу, жарты ғасыр мешіт болған Аяя София музейіне бас сұқтық. Бұл ғимарат орта ғасырда діндер қауымының қасиетті София шіркеуі, корольдерді ұлықтау орны болған. 1209 жылы алғашқы тасы қаланған шіркеу тек бір ғасырдан астам

331-ге жеткізу жоспарлануда. Оның ішінде 2-3 дәлізді 90 ұшақ, бір дәлізді 223 ұшақ, жүк тасымалдайтын 18 ұшақ болады.

1933 жылы жұмысын бастаған әуе компания қазіргі таңда 305 бағытта 121 елге ұшалаы. 2023 жылы Түрік Республикасының құрылғанына бір ғасыр толады. Сол уақытқа дейін компания 120 миллион жолаушы тасымалдайтын деңгейге жетіп, жылына 30 млрд доллар табуды көздеп отыр. Биыл Түркияға 36 млн саяхатшы келеді деп күтілуде. Егер жоспар жүзеге асса, Түркия туристер ең көп баратын он елдің қатарына кіреді. Бұл өз кезегінде әуе компания үшін тиімді болмақ. Түнжай Еминоғлы мырза журналистермен кездесу барысында әуе компаниясы үшін Қазақстан нарығы аса маңызды екенін атап өтті. Сол үшін де өзара байланысты нығайту жолын жетілдіріп отырады. Сондай-ақ рейстің санын арттыру жоспарлануда. Қазіргі таңда аталған компанияның ұшақтары Астана мен Алматы бағытында ұшалаы. Түнжай бей алыстан арнайы

уақыт өткеннен кейін толық салынып бітеді. Екі мәрте жер сілкінісі кезінде де бұл ғимарат шайқалмаған. 1453 жылы шіркеу құрылысы өзгертіліп, мұнара мен михраб салынады. Содан бері Аяя София мешіті мұсылман қауымының мақтаныш етер мерейлі ғимаратының біріне айналды. Ататүріктің шешімімен 1935 жылы Аяя София музей мәртебесін иеленген. Бұл мәліметтерді жол нұсқаушымыз Нияз бей музейді аралап жүргенімізде айтты. Музейге қарама қарсы орналасқан Сұлтан Ахмет мешітіне кірудің сәті түспеді. Құрылыс жұмысы жүріп жатыр екен. Бұл мінажат орнын көк түсті күмбездеріне қарап «Көк мешіт» деп те атайды. Келесі жолы Ыстамбұлға жолымыз түсіп жатса, міндетті түрде кірерміз. Көп жерді аралауға уақыт тапшы.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Әлемнің көптеген халықаралық әуежайында бизнес санаттағы жолаушыларға арнайы зал жасалған. Сол сияқты Turkish Airlines компаниясының «Ататүрік» әуежайында бизнес санаттағы жолаушыларға арналған CIP Lounge аумағы бар. Біз де бизнес санаттағы жолаушы ретінде сол залға өттік. Өзіңше бөлек әлем. Қол сөмкемізді арнайы жүк қоятын орынға қойып, екі қабаттан тұратын аймақты араладық. Әр бұрышта сусандар қойылған. Жұмсақ диван. Ерекше дизайн. Бір бұрышта неше түрлі газет. Кітапхана, бильярд, кинозал. Қаласан, ауқаттанып алуға болады. Қызықтың көкесі — бірінші қабатта. Массаж жасатуға болады. Ойынның 3-4 түрі бар. Тіпті виртуалды гольф ойнап

жатқандарды көрдік. Бір бұрышта интернетке қосылған ноутбуктар тізіліп тұр. Жалпы Turkish Airlines — бизнес санаттағы жолаушыларға қызмет көрсету бойынша Еуропада бірінші орында. Ал әлем бойынша үздіктер қатарында. CIP Lounge аумағына ұшуымызға екі сағат қалғанда кіргенбіз. Екі минуттай өтті де кетті. Осылайша Turkish Airlines-пен Түркияның төріне барған сапарымыз тәмам болды.



Елдос ӨМІРЗАК,
Алматы — Ыстамбұл — Алматы



«Beylerbeyi Sarayı» мұражайы



Татулық жаршысы

Көктемнің ең мәртебелі мерекесі **Өз Наурыз биыл да Алматы облысында кең көлемде тойланды. Жыл өткен сайын Ұлыстың ұлы күні Наурыз өлімізді мекендеген барша халықтың, ұлт пен ұлыстың асыға күтетін ортақ мерекесіне айналып, жаңа мазмұнмен, жарасымды сән-салтанатымен түрлене түсуде. Жыл басы саналатын аталған мейрам күні Талдықорған қаласындағы жастар саябағында ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып, ұлттық мереке ұлықталды. Өңірдегі облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы (ҚХА), «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» ұйтқы болуымен шараға түрлі этномәдени бірлестіктер де қатысты.**

Алдымен этномәдени бірлестіктердің ұлттық нақыштағы колөнер бұйымдары мен ұлттық тағамдарынан көрме ұйымдастырылып, көрерменге таныстырылды. Мерекелік концертті тамашалаған қауым Наурыз думанына



ЖЕТІСУДЫ ҰЙЫТҚАН – ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ МЕЙРАМЫ



тойланатыны маған да аса белгілі емес. Тек біздің батыс өңірлегідей, онда халық Наурыз мейрамын ертерек бастап, жоғары дәрежеде тойлайды. Бидай өсіріп, жұмыртқа бояп, мерекелік жөн-жоралғы жасап жатады. Ал еліміздегі Наурыз мерекесі биыл ерекше атап өтілді десем болады. Осындай дайындықпен жоғары деңгейде өткен мейрам бұрын-соңды болған емес. Еліміздің басқа аймақтарында да барынша биік дәрежеде жасалған мереке Алматыдағы «Астана» алаңында да есте қаларлықтай етіп ұйымдастырылды деп ойлаймын», — дейді. Жетісу топырағында әзірбайжан этносының топтасып тұратын жері — Көксу ауданы.

2002 жылы құрылған Көксу аудандық әзірбайжан «Нахичивань» орталығы 16 жылдан бері облыстың мәдени және қоғамдық өмірінің бір бөлшегі болып келеді. Аталған орталық әртүрлі форматтағы шараларды ұйымдастырып, жыл сайын өткізілетін әзірбайжан мәдениеті фестиваліне, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған «Өмір үшін күрескендерге тағзым» республикалық акциясына ерекше атсалысады. Сонымен бірге «Наурыз Байрам», Құрбан айт және Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған қайырымдылық шарасын атап айтуға болады. Сонымен бірге «Туған тель» татар этномәдени орталығы шараға барынша атсалысты. Аталған бірлестік 1988 жылы құрылған. Алғашқы төрағасы — екінші дүниежүзілік соғысының ардагері Хасан Боранбаев. 2002 жылдан 2017 жылға дейін Хайрулла Ибрагимов басқарса, бытырдан бері Руслан Валишанов басшылық етеді. «Туған тель» татар этномәдени орталығының жауапты хатшысы Руфина Усанова «Орталықтың негізгі мақсаты — ана тілді, татар халқының ұлттық ғұрыптары мен дәстүрін сақтау, Қазақстанда тұратын этностардың мәдениетін үйрену. Сондай-ақ, орталығымыз отан сүйіштігі сезімді дамытуға бағытталған Қазақстан Халқы ассамблеясының ауқымында өткізілетін барлық мәдени-бұқаралық шараларға белсенді түрде атсалысып келеді. Жыл сайынғы әртүрлі мереке-мейрамдардың арасында Наурыз мейрамынан өзге «Сабантой» мерекесі ерекше аталып өтеді. Оған тек татар этномәдени орталығы ғана емес, басқа орталықтың шығармашылық ұжымдары да қатысуды әдетке айналдырған», — дейді.

қазақ халқының дәстүрін өзге ұлт өкілдеріне, өзіміздің жас буына таныстыруға таптырмас құрал деп есептеймін. Еңбегіміз елеусіз қалған емес. Жақында ғана Шымкент қаласында өткен көрмеге қатысып, колөнер бұйымдарымызды жұртшылық назарына ұсынып қайттық. Алдағы уақытта Астана қаласында өтетін көрмелерге бару жоспарымызда бар», — дейді. Жыл сайын аталған орталық қазақ халқының мұрасын танытуға, мемлекеттік тілге және оны қолдану ауқымын кеңейтуге бағытталған көптеген мәдени-бұқаралық шараларды дәстүрлі түрде өткізіп келеді. Мысалы, «Тілі басқа — тілегі бір, жүзі басқа — жүрегі бір» атты форум көпшіліктің қалауына айналып үлгерген. Форумда өзге ұлт жастары қазақ тілінде өлең оқып, Абайдың қара сөзін жатқа айтады. Солардың арасында Александр Сон, Виктория Савинцева, Иван Землянухин сынды ұлты басқа болса да, қазақ тілінің мәртебесін арттыруға аз да болса көмегін тигізіп жүрген жастарды ерекше атап өткен жөн. Александр Сон «Ұлтым корей болса да, қазақ тілін жақсы меңгеріп алдым десем болады. Қазақша еркін сөйлесемін және достарымның көпшілігі қазақ балалары. Қазір І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша қазақ тобында білім алып жүрмін. Қазақ тілін біліп, осы тілде қарым-қатынас жасау маған еш қиындық тудырмайды», — деп өз ойын жеткізді. Қазақ халқының ұлттық мерекесі Наурыздан бөлек, өзге этностардың ұлттық мейрамына, яғни орыс ұлтының «Масленица», қытай және корей

арнайы дайындалған дастарханнан дәм татып, Наурыз көжеден ауыз тиді. Облыстық ҚХА жанындағы түрлі мәдени бірлестіктердің әр ұлт жастары мерекеге арналған жүрекжарлы тілегін білдіріп, жылы лебізін жеткізіп жатты. Шарала «Рухани жаңғыру» бағдарламасының эмблемасы самұрық құсын құрастыру мен «Өрнек» би ансамблінің орындауындағы «Көктем» би композициясы көрерменнің көңілін көтерді. Осыдан соң құрметті қонақтар мен көпшілік қауым мәдени орталықтардың мерекеге арнайы қойылған көрмесімен танысып, түрлі ұлт өкілдерінің мәдениетінен қойылым тамашалады. Алматы облысының әкімі Амандық Баталов, облыстық ҚХА төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай мен облыстық «Достық үйі — қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымбекбаев бастаған топ саябақ ішіне тал екті. Ұлыстың ұлы күнін облыстық ҚХА жанындағы түркі тілдес халықтардың этномәдени бірлестіктері де жоғары деңгейде атап өтті. Мәселен, бұл мерекені «Наурыз

әзірбайжан ұлтының мәдениеті мен дәстүрін сақтау және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту. Бірлестік мүшелері барлық салтанатты жиындарға, Қазақстанның мемлекеттік және ұлттық мерекелеріне арналған шараларға белсенді түрде қатысып отырады. Бұған қоса, мәдени орталық басым бағыттың қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және әзірбайжан этносы өкілдерін облыстың қоғамдық және мәдени өмірінің барлық салаларына тартуға негіздейді. Бірлестіктің төрайымы — елімізде және шетелде танымал қоғам қайраткері, «Парасат», II дәрежелі «Достық» ордендерінің иегері, «Мемлекеттік тілге құрмет» қоғамдық бірлестігінің төрайымы және Алматы облысының Құрметті азаматы Асылы Осман. Асылы Әлиқызы «Ұлық мереке — Наурыздың орны біз үшін ерекше.

ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Емил ҚҰРБАНОВ, әзірбайжан диаспорасының өкілі:



Наурыз халық арасындағы жаңа жыл мен көктемді тойлаудың ең ежелгі және құрметті мейрамы. Наурызға дайындық ертеден басталып, көктемгі күн мен түннің теңелген күні 21-22 наурызда тойлайды. Табиғат жандануының белгісі, құнарлылықтың белгісі саналатын бұл мерекеде үйлер көркейтіліп, ағаш отырғызылады, жаңа киім тігіледі, жұмыртқа боялады, тәтті-дәмділер мен ұлттық тағам дайындалады. Мейіз немесе жаңғақ қосылған бидай – говурму қуырылады. Сондай-ақ ең маңызды рәсім — әрбір үйде міндетті түрде үстел үстінде бидай тұқымынан әдейі өсірілген жасыл өскіндер тұруы тиіс және мейрамға дейін төрт апта бойы сейсенбі сайын от жағылып, олардың үстінен балалар секіру дәстүрі бар. Сонымен қатар, мерекені тойлау 3 күнге созылып, халық әндері мен биі орындалады және спорттың ұлттық түрлері бойынша жарыс өткізіледі.



Байрам» деп атайтын әзірбайжан ұлты да мерекені тойлауға ерекше атсалысты. Алматы облысында 1998 жылы құрылған әзірбайжан этномәдени бірлестігінің негізгі мақсаты — бейбітшілікті, әртүрлі этностар арасындағы достықты нығайтып,

Әсіресе, қазақ халқы үшін кастерлі мейрам. Өзім Қазақстанда өскендіктен, Әзірбайжанда нақты қалай



Д.Рақышевтың шәкірті, ғылым магистрі Серікбол Шыныбаев атқаруда. С.Шыныбаев «Аталған орталық Алматы облыстық ҚХА төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбайұлының идеясымен құрылған болатын. Орталықтың іргесі қаланғаннан бері халыққа түрлі қызмет көрсетіліп, біршама іс жасалды десек болады. Мәселен, біз қолға алған іс-шаралар тек Достық үйімен ғана шектелмей, өңірдегі аудан, қалаларды да қамтып келеді. Сондай-ақ Достық үйіндегі қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі орталығы кабинетінде ұлттық құндылықтарымыз бен асыл мұрамыздан сыр шертетін түрлі бұйымдарымыз қойылған. Осыған орай алыс-жақын шетелден келген қонақтарға алдымен қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрпы міндетті түрде таныстырылады», — делі. Шынымен де, қазақ халқының ұлттық киімі мен қолданған ыдыс-аяғы, әшекей бұйымынан бастап, колөнері мен мәдениетінен көрініс беретін түрлі композиция көздің жауын алады. Осы орталыққа арналған кабинеттің ішінде киіз үй құрылып, толық жабдықталған. Осында қызмет атқаратын колөнер шебері Базархан Нүсіпжанқызының айтуынша, өзге мемлекеттерден келген меймандар осындағы ұлттық нақыштағы заттардың бәріне аса қызығушылық танытады екен. Базархан Нүсіпжанқызы «Орталықта жұмыс істеп жүрген 5 жылдың көлемінде осындағы колөнер бұйымдарының барлығы дерлік менің қолымнан шықты. Мәселен, қазақ үйінің бүкіл жабдықтары қолдан жасалған заттармен толықтай безендірілген. Сонымен бірге ел назарын бірден аудартатын «Көш» композициясы да түрлі көрмелерде назардан тыс қалған емес. Онда көшпелі халқымыздың бейнесі қолдан жасалған қуыршақтармен айшықталған. Бұл да болса

жеңнен қол шығаратын береке-бірлігіміздің айқын дәлелі», — деп орталық жұмысын жан-жақты таныстырды. Орталық қайырымдылық іс-шараларын жүзеге асыруда көп жұмыс атқарып келеді. Облыстық Ардагерлер үйімен, «Айналайын» балалар үйі және қарттар үйімен тығыз байланыс орнатып, түрлі қайырымдылық концерт өткізіп тұрады. Мәселен, күні кеше ғана ұйымдастырылған «Бала буын, аға буын, дана буын» атты қайырымдылық концерті соның айқын дәлелі. Орталық басшысы Серікбол Шыныбаевтың пікірінше, шараны ұйымдастырушы 15-20 адамнан бөлек, 150-200 көрерменнің тең жартысы болса да үлкенге құрмет пен кішіге ізесті көңілдеріне ұялатып, ой түйіп, түсіне білсе, соның өзі орталық еңбегінің ақталғаны, жеткен жетістігі. Атқарылған шаруа мұнымен ғана шектелмей, түрлі әдеби кеш пен байқау да өткізіліп тұрады. Бұған дәлел — былтыр өткізілген дәстүрлі әнші, сазгер Дәнеш Рақышевтың 90 жылдығына орай ұйымдастырылған кеш. Кең көлемде жүргізілген концертке әншінің дәстүрлі өнерін жалғастырушы Жаскылық Мырқаев, Зарықбек Рақыжанов сынды шәкірттері еске алынды. Орталық қызметкерлері 2-3 айда бір басқосып, атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы мақсатын айқындап отырады. Аталған шаралардың өзі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында көрерменге мол рухани азық бола білді деп есептейді. Осындай тын бастамаларды үнемі қолға алып, ұйымдастырудан жалықпайтын қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрі орталығының алға қойған мақсаты да, әлі атқаратын жұмысы да жетерлік.

Лиана АЙДЫН, Алматы облысы

Айтөбел

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейміз. Бұл рас. Артында жақсы ісі, құнды хаты қалған талай ұлы адамдардың аты да, хаты да өлген жоқ. Өлі аталып жүр. Сондай бір есімі өр, қазақтың жер-суы, туған жері үшін, өл мен жердің шөжіресі үшін үн-түнсіз қызмет қылған азамат Ерғали Нүсіпов болса керек. Сонымен Ерғали Нүсіпов кім? Ең алдымен, ол өлкетанушы еді. Содан кейін ғылым-білімге еңбек сіңірген қайраткер. 400-ден аса ғылыми жұмыстың авторы. Оның ішінде 41 монография мен оқулық, атлас, методикалық нұсқаулар мен оқу құралдары бар. Ол – Қазақстан геофизиктер қауымдастығының ұйымдастырушысы өрі президенті. Халықаралық минералдар ресурстары академиясы, Ресейдің табиғи ғылымдар академиясы, Халықаралық ғылым академиясы академиясының академигі. «Құрмет» орденімен, көптеген медальдар және құрмет белгілерімен марапатталған. Е.Нүсіповтың ең үлкен еңбегі – туған жері мен туған елінің тарихын, шөжіресін тануы, зерттеуі, хатқа түсіруі.

ӨМІР – ӨЗЕН

Ең алдымен Ерғали Нүсіповтың өмір жолына қысқаша тоқтала кетейік. Е.Нүсіпов 1941 жылдың 12 шілдесінде Алматы облысы Кеген ауданының Алғабас ауылында дүниеге келген. 2018 жылдың басында Алматыда қайтыс болды. Ол әкесінен ерте айырылды. Әкесі Екінші дүниежүзілік соғыста 1942 жылы қаза тапқан. Ерғали 1958 жылы орта мектепті медальмен бітірген соң, еңбек жолын кеңшар жұмысшысы ретінде бастады. 1959 жылы Қазак кен-металлургия институтына (КазКМИ) түсіп, оны 1965 жылы «Пайдалы қазба кен орындарын іздестіру мен барлаудың геофизикалық әдістері» мамандығы бойынша үздік бітіріп шықты. Институт бітірген соң Қызылорда гидрогеология экспедициясына жолдама алып, онда 1967 жылдың ақпан айына дейін жұмыс істейді. Осы экспедиция құрамында ол техник санатынан партияның бас инженеріне дейінгі еңбек жолынан өтті.

1967 жылы Қазак политехникалық институтының (КазПТИ) геофизика кафедрасына ассистент ретіндегі оқытушылық жұмысқа шақырылды. 1970 жылы Ленинград кен институты (ЛКМ) геофизика кафедрасының аспирантура бөліміне түсіп, оны 1973 жылы геология-минералогия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне арналған диссертациясын қорғаумен табысты аяқтап шықты. Ерғали Нүсіповтың ғылым жолындағы басқан қадамына геофизика саласының көрнекті ғалымдары: геология-минералогия ғылымдарының докторы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, профессор Александр Логачев пен физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Сергей Шалаев ғылыми жетекшілік етті. Аспирантурадағы зерттеу жұмыстарын Көлік академиясындағы оқытушылық жұмыспен, ғылыми ұжымдармен танысумен, Ресейдің тарихы мен мәдениетін, байырғы ленинградтықтардың дәстүрлерін танып-білуген ұштастырған.

Нүсіпов 1967 жылдан 1997 жылға дейін геофизика кафедрасының аға оқытушысы, доценті және менерушісі, геологиялық барлау факультетінің деканы, оқу-әдістемелік бірлестіктер (ОӘБ), ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор болып жұмыс істеді. Ерғалидың бастамасымен және оның тікелей араласуымен институттың өндірістік ұйымдар және ғылыми мекемелер арасындағы байланыстары дами бастады. Кафедралардың бөлімшелері құрылды. Геологиялық барлау факультеті мен геофизика кафедрасының материалдық-техникалық базасының дамуына көп күш-жігерін жұмсады. Осы жылдары геологиялық мамандықтарға студенттер қабылдау көлемі едәуір артты. Геофизика кафедрасы жабдықталу, ғылыми-зерттеу жұмыс көлемі мен мамандар даярлау сапасы жағынан университеттің жетекші кафедраларының біріне айналды. Осы кафедрада, еліміздің жоғары оқу орындары тәжірибесінде бірінші рет «Шломберже» фирмасының ақпарат технологиялары базасында оқу-зерттеу лабораториясы ашылды.

ҒЫЛЫМ – ТЕҢІЗ

Оқу-әдістемелік бірлестіктер төрағасының орынбасары ретінде Е.Нүсіпов білім берудің көп деңгейлі жүйесін енгізумен, мемлекеттік білім беру стандарттарын, тұрпатты және жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, тест-рейтинг жүйесін енгізу жөніндегі нормативті-әдістемелік құжаттарды әзірлеумен айналысты. Ол «Қазақ тілі» қоғамын құруға, қазақ тілі кафедрасының қалыптасуына, инженер кадрларын даярлауды мемлекеттік тілде оқыту арқылы жүйелі түрде дамытуға белсенді атсалысты. 1987 жылдан бастап қазақ

тілінде геологиялық мамандыққа оқытудың 1-курсына студенттер қабылдауды жүзеге асырды. «Барлау геофизикасы жөніндегі түсіндірме сөздікті» шығарды. 1989 жылы шахмат клубының құрылуы институттың мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. Спорт шеберіне кандидат болған ол университеттің бірнеше дүркін, «Буревестник» қоғамының, Қызылорда және Рудный қалаларының чемпионы болған. Бұл оның спорт саласындағы жемісті жылдары болса керек.

Ғалымның білім берудегі қызметі оқу-процесіне оқытудың алдыңғы қатарлы технологиялары мен тест-рейтингтік бақылауды, мемлекеттік тілде оқытуды енгізумен ерекшеленді. Жемісті оқу-педагогикалық қызметі үшін профессор Нүсіпов Құрмет грамотасымен және Казак КСР Жоғарғы Кеңесінің мақтау қағазымен марапатталады.

жоба дайындады. Оларды салалық министрліктерге, өнеркәсіп орындарына ұсынды. Нәтижесінде қаржыландыратын бағдарламалар мен жобалар көбейді. Оларды орындауға студенттер, магистранттар мен аспиранттар, ғылыми қызметкерлер толыққанды қатысты. Университетте өте үздік ғылыми-зерттеуге жыл сайын берілетін К.Сәтпаев атындағы бөйгенің белгіленуі, оқу жүйесіне «Сәтпаевтану» курсын енгізу ғылыми-зерттеу жұмысын дамытуға ерекше әсер етті. Тек бір жылдың ішінде қаржыландыратын зерттеулердің көлемі 5 есе өсті. Бұл жаңа оқу және зерттеу лабораторияларын ашуға мүмкіндік берді. Осының бәрі Ерғали Нүсіповтың кезінде жасалды.

Университет 2000 жылы 61 мамандықтан маман дайындауға қайтадан лицензия алды. Оның ішінде 9 мамандық бойынша бірінші рет лицензия берілген. Конкурс бойынша 34 мамандықтын

технологияларын ендіруге, тест-рейтингті бақылауды және мамандарды мемлекеттік тілде оқыту арқылы дайындауды дамытуға аса көңіл бөлді, нәтижелі іс тындырды.

Ол ғылымның геология және геофизика, сейсмология және экология салаларында табысты, нәтижелі ғылыми жұмыс жүргізеді. Министрліктердің салалық қолданбалы бағдарламалары саласында және мекемелердің тапсырысымен көптеген жоба жасады. Ол – біраз мемлекеттік және салалық бағдарламалардың авторы, халықаралық және республикалық ғылыми симпозиумдардың, конференциялар мен семинарлардың ұйымдастырушысы. 7 халықаралық конференция мен семинарлар ұйымдастырып өткізді. 13 елде ғылыми баяндама жасаған ғалым.

2001-2007 жылдары Е.Нүсіпов Қазақстан білім және ғылым министрлігіне қарасты Сейсмология

институтын басқарды. Бұл жылдары институт лабораториялары жана технологиямен жабдықталды. Ғылыми жұмыстарын қазіргі заман талабына сай ұйымдастыратын үлгілі ұжым қатарына қосылды. Қаржыландыратын зерттеулер көлемі 20 есе өсті, негізінен келісімшартпен жүргізілетін жұмыс артты. Барлық лабораториялар мен ғылыми қызметкерлер компьютермен және лицензиялық бағдарламалармен қамтамасыз етілді. Интернет жүйесіне қосылды. Ғылыми-зерттеудің тын бағыттарынан жана және маңызды нәтижелер алынды. Олар: Қазақстанның геодинамикасы мен сейсмикасы; геодинамикалық бақылау мен техногендік жер сілкінісін болжау; жер қойнауындағы қосылыс пен серпілістің дамуын космостан бақылау; ГИС – технологиясын дамыту мен Орталық Азияның бірлескен сейсмологиялық мәліметтерінің банкіні жасау. Атырау, Манғыстау, Қызылорда, Ақтөбе облыстарының

ТУҒАН ЖЕРДІҢ



«ШЫҒАҚШЫСЫ» ЕДІ...

Е.НУСИПОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

1. Қазақстандағы аэромагниттік зерттеулер;
2. Қазақстан жер қойнауының геодинамикасы және сейсмикасы;
3. Геология, геофизика, сейсмология және экология салаларында ГИС – технологияларын қолдануды дамыту.

Бірінші бағыт бойынша әлемге танымал болып, оқулықтар мен анықтамаға енгізілген төмендегі нәтижелерге қол жеткізілді. Екінші бағыт бойынша – «KazGeoDATE және Каспий өңірі» геология-геофизикалық мәліметтерінің ақпараттық параметрлерін негіздеу және деректер банкіні құру. Жер қабаты кернелеу-деформациялану күйінің 4-д динамикалық моделін және жер сілкіністерін болдырмауға арналған мониторингті ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу. «Қазақстан Каспий өңірінің геодинамикалық мониторингі» Ұлттық тұжырымдама-бағдарламасы мен техногендік жер сілкіністерінің мониторингін ұйымдастыру және оларды болжау жөніндегі ұсыныстар әзірлеу. 7 монография, 3 оқулық және 20 методикалық нұсқаулар шығару. 2 ғылым кандидатын дайындау.

Үшінші бағыт бойынша: қазіргі заманғы ақпараттық технологиялармен жабдықталған ғылыми орталық ашу; қолданбалы есептерді шешуді алгоритмдік, бағдарламалық және технологиялық қамтамасыз ету; геология мен экологияның динамикалық есептерін шешуге арналған ғарыштық және аэросуреттерді компьютермен өңдеудің әдістемесін әзірлеу. Қазақстан аумағының, Алматы облысы мен Іле-Балқаш аймағының 3-д ГИС – негізін құру; «Табиғи ресурстардың, ластану көздерін, ластану аймағын, Қазақстан аумағының ағынды суларды көму және төгу орындарының мемлекеттік кадастрлерін құру; ластану аумақтары мен қоршаған ортаның ластанған аумағы орналасқан карталарды жасау және басып шығару. Геология комитетінің электрондық банкі мен электрондық архивін жасау. 2 ғылым кандидатын даярлау. 3 монография, 6 регламент және 2 оқу әдістемелігін шығару сияқты еңбектерді атқарған.

мемлекеттік оқыту стандарты, біртекті және жұмыстық оқу жоспарлары мен бағдарламалары жасалды. Шетелдік, бірлескен және отандық компаниялармен нарықтық негізде маман дайындау жүйесі қалыптасты. Ақпараттық-таллау және рекрутинг орталықтарының нәтижелі жұмысін негізінде 2000 жылы ҚазҰТУ-дың күндізгі бөліміне грант және кредитпен оқитын ең көп студенттер қабылданды. Студенттер мен магистранттар «Шломберже», «Аджип», «ККО», «КазМунайГаз», «КазТрансОйл» компаниялары тағайындаған гранттар бойынша стипендия ала бастады.

Университетті қаржыландыру қарқыны оқу корпустарын және жатақханаларды күрделі жөндеуден өткізуге мүмкіндік берді. Университет жүрегін – кітапхана жөнделіп, жаңаша түрленді, кітап қоры көбейді.

Ерғали Нүсіпов оқу ісін ұйымдастыру мен басқаруда оқытуың жана

аймақтық сейсмикалық карталары жасалды. Атасу-Алашанқай мұнай құбыры өтетін жерлердің сейсмикалық қауіптілігі бағаланды. 30-дан аса монография мен әдістемелік дайындап шығарды. Өте көлемді және маңызды атластар дайындап, баспадан шықты – «Қазақстан жер қойнауының геодинамикасы мен сейсмикасы», «Каспий өңірі жер қойнауының геодинамикасы мен жер қойнауы».

Ғалымның «Төңір тауы аясы» деген кітабы туған жерінің шерлі шөжіресін ғана емес, тау-тасын, өзен-көлін суреттейтін құнды еңбек деп бағаланған. Ерғали Нүсіповтың ғылым мен білімге, ел мен жердің тарихына, өлкенің жарғағысына қосқан өлшеусіз еңбектері әлі оқырман тарапынан өз бағасын алатыны анық.

Жарас
КЕМЕЛЖАН

Жазылған жайдың жаңғырығы

«Жас қазақ» газеті жариялаған (2018 жылғы 2 наурыз) педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ұлжағас Есназарованың «Жағрафия пәнінің жағдайы мүшкіл» атты мақаласын оқып, пікірімізді білдіруді жөн санадық.

Тура осындай жағдай тарих пәнінің де бастан өткен еді. «Қазақстан тарихы қағажу көрмесін» деген атпен 2006 жылғы білім және ғылым министрлігі назарына ашық хат жазып («Қазақстан тарихы» журналы, №6, 2006 ж.), академиктер: М.Асылбеков, К.Байпаков, Б.Көмеков, К.Нүрпейісов, О.Ысмағұлов, профессорлар Б.Аяған, К.Бұрканов, Т.Омарбеков, Н.Мұхамеджанұлы, Т.Тұрлығұл, Әбділдабек Салықпай, «Қазақстан тарихы» журналының бас редакторы және әдіскер ұстаз ретінде осы жолдардың авторы да қол қойып, «Қазақстан тарихы» журналына жариялады. Бұл мақалада негізінен Қазақстан тарихы пәнінің жоғары оқу орындарында мемлекеттік емтиханнан алынып тасталуы туралы айтылып, Отан тарихы бүкіл қоғамға, әсіресе, жастарға тәрбие берудің негізгі құралы екенін дәйекті, дәлелді түрде жанайқайымызды бүкіл тарихшы қауым атынан ашық хатта нақты қысқа да нұсқа түрде білдірген едік.

Сөйтіп «Қазақстан тарихы» қағажу көрмейді немесе жана министрдің игі қадамдары» деген атпен «Қазақстан тарихы» журналының 2007 жылғы № 2 санында, білім министрлігінің (2007 жылғы 14 ақпан) жауап хаты жарияланып, сол кездегі министр Жансейіт Түймебаевтың басшылығымен көтерген мәселе оң шешімін тапқан еді. Сонымен қатар орта мектепте ҰБТ басталған кезде міндетті түрде тапсыратын пәндердің ішінде Қазақстан тарихы пәнін алып тастап, қосымша пән ретінде кіргізген кезде де тарихшылар қауымы ашық хат жариялады. Сол кезде білім министрлігінде Шәмшә



«ҚАЗАҚСТАН ЖАҒРАФИЯСЫ» ҚАҒАЖУ КӨРМЕСІН!

Беркімбаева жауаптылықпен қарап, орта мектепте, ҰБТ-да емтихан ретінде қабылдау туралы бұйрық шыққан еді. Осындай абзал жанаһыр, ұлтжанды азаматтардың арқасында мәселе оң шешімін тауып еді.

Ал тарих пен география пәні адамның екі көзі мен екі аяғы сияқты ұқсас пән екені түсінікті. Бағдарлама бар, оқулық және оқу-әдістемелік кешені бар, бірнеше жыл мектепте оқытылып келген пән. Авторы арамдыға. Егер оқулықта кемшілік болса, бір жөн. Бірақ кемшін тұстар жоқ. Профессор Ұ.Есназарова жазған екі оқулық та халықаралық көрме, жарыстардан орын алып марапатталған оқулықтар. Ендеше «неге?» деген сұрақ туады. Әдейі істеліп отырған әрекет пе? Жоқ, жауапсыздық па? Немқұрайдылық па? Ресейді айтпағанда, жер көлемі бізден бірнеше есе кіші Израиль, Қырғызстан, Өзбекстанда өз географиясын 2-3 жыл оқытса, біз 8-сыныпта «Қазақстанның физикалық географиясы», 9-сыныпта «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» пәндерін 1 жылдан оқытуға сағат таппай жүргеніміз елдімізге сын ба, мін бе?

Қазіргі таңда әсіресе физика-математикаға көңіл бөлініп жатыр, дұрыс. Бірақ ол керемет ғалым болып дүниежүзін таң қалдырып жатқан жағдайда да өздерінін тауын, суын, киелі топырағын билемесе, ол – робот ғалым, яғни жүрегі темір адам емес пе?

Жас мемлекет ретінде елін, жерін сүйетін қасиетін, табиғатын дәріптейтін, тарихын терең білетін жеке тұлға – азамат тәрбиелеу міндеті тұр. «Ертедегі батырлар, билер тарихын оқып керек пе? Оны орта мектепте оқыды, енді тек тәуелсіздіктен бергі тарихты оқысақ жетеді» деген «әдемі» пікірлер де жоғары оқу орындарының бағдарламасына кіретін түрі бар. «Мүйіз сұраймын деп құлақтан айырылыпты» деген осы шығар.

Профессор Ұ.Есназарова – қарапайым мектеп мұғалімінен докторлық дәрежеге жеткен, географиядан республикалық атаулы мектептің жетекшісі. Өз пәнінің майталманы. Тәуелсіздік алғаннан бері өз елінің географиясын жазып жүрген, зерттеп, насихаттап жүрген ғалым. Ол құрдастары айтпақшы, «география – генералы». Географтардың жанайқайын Мәжіліс депутаты Бакытұл Хаменова де жеріне жеткізіп, халық алдында өз пікірін білдірді. Ол «Өз тарихы мен өз жерінің қасиетін ұрпаққа ұғындыру – біздің парызымыз» делі.

Ұрпақ тәрбиесі атты үлкен жауапты сапарда бірге жүрген әріптестерінің атынан «география» пәні қағажу көрмесін дей отырып, пікірімізді айту парыз да қарыз деп ойлаймын. Айтылғандар ақиқатына жетіп, шынайы шешімін табуына тілектеспіз!

Қайыркен ҚУДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

ҚҰРСТАСТАР ҚААЖЫҒЫ

«Құрдастар қалжыңы» айдарының бүгінгі қонағы – Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының белді актері Әсет Иманғали. Ол өзінің студент шағы мен театрдағы қызықты оқиғаларымен бөлісті.

Бір курста оқыған төрт дос Т.Жүргенов атындағы өнер академиясын бітірген соң, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына жұмысқа қабылданды. Сол төрттіктің бірі – Жұлдызбек Жұманбай. Өзі қалжыңға тым жақын. Кейде сахнада қойылым қойып жатсақ та, әзілдейтіні бар. Бір күні «Ғажайып кобдиша» деген ертегіні ойнап жаттық. Өзім бақандай бір аралдың қожайынымын. Ал Жұлдызбек болса, алтындымды ұрлауға келетін қарақшының ролінде. Залда ине шаншыр орын жоқ. Қойылымды бастап кеттік. Қарақшыны

Әсет ИМАНҒАЛИ, актер:

алтындымды жымқырып бара жатқан жерінен ұстап аламын. Қолымда үлкен ағаштан жасалған қаруым бар. Сценарий бойынша «Әкел алтындымды. Неге ұрлайсың?» дегенімде қорқып, қазынамды қайтарып беруі тиіс. Күнде осылай. Бірақ сол күнгі қойылымда басқаша болды. Айтар сөзімді айтып, алтындымды қайтар десем бермей қасарысып тұрып алды. «Бермесен, атамды» десем, «ата бер» дейді. Қолымдағы ағаш қару қайдан атылсын? Сонымен не керек, қарсыласып біраз тұрдық. Бір кезде ол етігінің қонышынан шынымен атылатын театрдың тапаншасын алып шықты да, көк түгінді бұқыратып жіберді. Мен тұрмақ көрермендер де шошып кетті. Білдей аралдың қожайыны болсам да, басым салырап мүсепір кейіпте қалып қойдым. Бір кезде барып, «жарайды» деген ишара білдіріп алтынды маған

ҒАЛАБЫННЫҢ БҰРЫНЫ



Таяқ - төрбө

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Салтанат ШЫРЫНХАН —

арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС —

жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА —

терімші

Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ —

web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баиян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2109; Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 40 000 дана

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.

БАСҚОСУ

Алматыда Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясында Алашорда көшбасшысы, қазақтың біртуар қайраткер ұлы Әлихан Бөкейхановтың туған күніне орай еске алу жиыны өтті.

Алаш идеясына адалдық

Басқосудың басты мақсаты — қазақ елінің тәуелсіздігі үшін басын бәйгеге тіккен ұлт арыстары мен қайраткерлерін, ақын-жазушысын ұрпағына ұлықтап, насихаттау. Олардың артында қалған шығармасын, еңбегін бүгінгі жас буынға бұкпесіз жеткізу болып табылады. Іс-шараны зерттану мамандығының 1-2 курс студенттері бірігіп ұйымдастырды. Жиын Әнуранмен басталып, жиналғандар «Алаштың» зиялы қауымын 1 минуттық үнсіздікпен еске алды.

Алаштың бірі болып Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарих және құқық институтының Қазақстан тарихы кафедрасының доценті Шәмек Тілеубай



сөз бастады. Ең алдымен бұл бастама бағалауға тұрарлық тірлік екенін айта кетті. Ол «Жастардың өткенді ұмытпай, қоғам қайраткерлері жайында қайта еске салып отыратын жиыны жалғаса берсін дегім келеді. Өйткені әліге дейін «ұлтшылдық» дегенді теріс қозғалыс деп түсінеді. Тіпті үрке қараймыз. Негізгі ұлтшыл дегеніміз — жаңғыру идеясы. Яғни әлеммен тең түсіп, иық теңестіріп, жанару», — деп сөзін бастады. Бұған қоса, өз баяндамасында «Алаш қозғалысы бүкіл қазақтың қозғалысы. Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш зиялылары бұл азаттықтың, тәуелсіздіктің жаршысы. Бүгінгі бейбіт өмірдің барлығы — тек солардың арқасы», — деді.

ҚОАӨНЕР

Алып кесе, ұзын көрпе

Биылғы Наурыз мерекесі ерекше салтанатымен есте қалды. Соның бірі — Наурызға арнайы жасалған 2000 литрлік кесе. Алматы тұрғындары мен қонақтар сүт қосылған төтті шай ішіп, бір жасап қалды.



Биіктігі 2,5 метрден асады. Жібек жолы көшесінің бойында қойылған алып ыдыс Қазақстан рекордтар кітабына енді.

Айта кетейік, мереке қарсаңында шаһарда әлемдегі ең үлкен құрақ көрпе тігу науқаны басталып кетті. 25 500 шаршы метрлік төр көрпе



20 қыркүйекке дейін дайын болуы керек. Қазір мұндай ұзын көрпе тігуде рекорд Португалия ісмерлеріне тиесілі. 2000 жылы олар 25 мың 100 шаршы метр құрақ көрпені жұрт назарына ұсынды.

САБАҚТАН КӨП КЕШІКТІМ

Студент шағым. Ұстазым Құдайберген Сұлтанбаев өмірінде балаға ұрысқан емес. Тек емеурінмен жеткізетін. Бір күні ұйықтап, сабаққа кешігіп қалдым. Келіп алып, кіре алмай тұрмын. Есіктен сығалап қарасам, Жұлдызбек деген досыммен сахнада жұмыс жүргізіп жатыр. Алыстан мені байқап қойып, Жұлдызбекке қарап «Жақсы ойнап жатсың, алам қысылып тұрғанда қандай жағдайда болады? Соны маған көрсетіп берші» деді. Ол болса, барынша тырысып бағуда. Сөйтсем ағайымыз «Әлі де жетіспей тұр. Анау есіктен сығалаған Әсеттің тұрғанын салып бер. Кешігіп келіп, маған сөйлеуге қысылып тұр. Міне, соның жағдайын көрсет» деді. Ұстазым жағдайымды өзгеше жеткізе біліп, қисыннан қиыстырып кетті. Ұялғанымнан ішке қалай кіргенімді байқамай қалдым.

Еуропаны дүр сілкіндірген қазақ жастары —

«Астана Мюзикл» театры

шығармашылық сапармен өліміздің басты қалалары мен облыс орталықтарын аралап жүр. Осы аптада Алматыда болып, күні кеше ғана шырайлы Шымкентке аттанды. Театр сапарының мақсаты — Елордамыз Астананың 20 жылдығы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өліміздің өнер саласындағы жетістігін көрсету.

Олар наурыздың 23-27 күндері аралығында Алатауға келіп, театр өнерінің қарашанырағы Әуезов театрында көрермен қауыммен қауышты. Дүниежүзіне белгілі мюзикл — «Ромео мен Джульетта» қойылымын көрсетіп, «Достар серті» мюзиклін ұсынды. Сондай-ақ өліміздің рухани құндылығына айналған «Қыз Жібек» этно-фольклорлық мюзиклін сахналап, Мақатаевтың шығармасына негізделген «Жырлайды жүрек» атты музыкалық-поэтикалық спектаклін қойды. Театр Шымкенттегі сапарынан кейін Жайықты жағалай қонған Атырауға ат басын бұрмақ.

ТЕАТР

Қыз Жібекті жырлаған



ҒАЛАБЫННЫҢ БҰРЫНЫ

Анаға арнап айтылған асыл сөз, өдемі теңеу көп. «Ана бір қолыммен бесікті тербетсе, бір қолыммен әлемді тербетеді» деп жатамыз. Кейбір тіпті темір тұлпарды да орнынан оп-оңай қозғалтады.



«Нива» сүйреген

Ақтөбелік келіншек Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мерекесінде жалғыз өзі бір мәшинені сүйреп, ел-жұртты өзіне қаратты. «Ниваны» шана құрлы көрмей, оп-оңай тартқан қазақ әйелі — төрт баланың анасы. Inform.kz сайты жариялаған бейнежазбада келіншектің темір тұлпарды еш қиналмастан жеңелі жерге дейін жеткізгені анық көрінеді. Нәзік жеңелі әйел затының мұндай ерлікті жасауына аяғындағы биік өкшелі етігі де кедергі келтірмеді. Қазір белгілі болған мәліметке сенсек, ана — Ақтөбе облысы Ойыл ауданының тұрғыны. Балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істейді.

Бетті дайындаған Салтанат ШЫРЫНХАН